



БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

**Мектеп жасына дейінгі ересек тобына арналған  
математика негіздеріне қосымша  
«Қызықты математика»  
авторлық бағдарламасы**

**Орал – 2025 жыл**

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**Мектеп жасына дейінгі ересек тобына арналған  
математика негіздеріне қосымша  
«Қызықты математика»  
авторлық бағдарламасы**

**Орал - 2025ж.**

Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының білім беруді дамыту орталығының сараптама кеңесінде қаралып, облыс педагогтарына таратуға

ұсынылады. Хаттама № 3/1, 11.08.2025ж

**Құрастырушы: Ельжанова Умит Кайыргалиевна**

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Ақсай қаласының № 3 «Гүлдер» бөбекжайы» МКҚК тәрбиеші, педагог-зерттеуші

**Рецензенттер:**

**Алипкалиева Гульфия Бекетовна**

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы «БҚО КДО» КББ

кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

**Сиражева Светлана Халеновна**

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының әдістемелік орталығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімінің әдіскері, педагог-шебер

«Қызықты математика» авторлық бағдарламасы мектеп жасына дейінгі ересек тобының балаларымен өткізілетін математика негіздеріне және танымдық қабілеттерін арттыруға бағытталған қосымша.

Мектепке дейінгі жастағы балалармен жүргізілетін жұмыстың мазмұнын байытуға, олардың бастапқы математикалық ұғымдарды алуда қажеттіліктерін қанағаттандыруға және келесі оқу кезеңіне дайындалуға көмек көрсетеді.

Бағдарлама мектепке дейінгі ұйымның ересек топ тәрбиешілеріне көмек ретінде бағытталады.

## Мазмұны:

Кіріспе -----

Ересек тобына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің  
перспективалық жоспары -----

Ересек тобына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің  
конспектісі -----

Қорытынды -----

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі -----

Қосымша -----

## **«Қызықты математика» қосымша білім беру бағдарламасы**

### **Кіріспе**

Мектепке дейінгі балалық шақ – баланың моральдық-адамгершілік бейнесін қалыптастырудағы маңызды кезең. Дәл осы кезеңде баланың жеке тұлғасының дамуын анықтайтын құнды бағыттар, алғашқы адамгершілік түсініктері, сезімдері, әдеттері, қарым-қатынасы қалыптасады.

Математикалық ойлау – бұл бала санасында әлем бейнесінің қалыптасуының маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Балаларға сандарды айту, түсіндіру, артық, кем, тең қатынастарын анықтауда салыстыру тәсілінің мәнін түсіндіру, сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.

Ұзындығы мен ені, жіңішке мен жуандығын салыстыру арқылы сөздік қорларын молайтып, математикалық түсініктерді қалыптастыру. Осыған байланысты мектепке дейінгі жастағы ересек топ балаларына математика негіздерін қалыптастыруда ұсынылып отырған «Қызықты математика» авторлық бағдарламасының маңызы зор.

Бұл уақытта мектеп жасына дейінгі балаларда абстракцияның, қорытудың және қарапайым қорытындылардың алғашқы нысандары қалыптасады, практикалық ойлаудан логикалық ойлауға көшеді, қабылдау, назар аудару, есте сақтау, қиялдау еркіндігін дамытады. Сондықтан мектепке дейінгі педагогиканың өзекті проблемаларының бірі мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және танымдық қабілеттерін тиімді дамыту болып табылады. Мектепке дейінгі балалардың ақыл-ойының дамуы табысты болуы үшін педагогтар осы жасқа тән барлық ерекшеліктерді нақты ескеруі тиіс. Бұл жағдайда дамудың негізгі әдісі проблемалық-іздістіру тәсілі, ал ұйымның басты нысаны - ойын болуы тиіс.

Педагогикалық процесте дамытушы ойындарды пайдалану білім беру қызметін қайта құруға мүмкіндік береді: балалармен үйреншікті сабақтардан ересектермен ұйымдастырылған немесе дербес танымдық ойын қызметіне өту. Олар балалар үшін маңызды және қызықты, мазмұны жағынан алуан түрлі, өте динамикалық және балалардың сүйікті ойын материалдарымен манипуляцияларын қамтиды, ол баланы моторлық белсенділікте, қозғалыста қанағаттандыра алады, балаларға көмектеседі, іс-әрекеттердің дұрыс орындалуын бақылайды. Мектепке дейінгі балаларды дамыту үшін дамытушы ойындардың маңыздылығы, олардың әр алуандығы және жас шамасына барлығы оларды көрсетілген проблеманы шешу үшін - мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және танымдық қабілеттерін дамыту үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Білім беру қызметінің негізінде - ойын технологиясы, әрбір балаға жеке көзқарас: оның жас және жеке ерекшеліктерін, мінезін, әдеттерін, артықшылықтарын ескеру.

Мектепке дейінгі білім берудегі білім беру салаларын интеграциялау қағидатына сәйкес бағдарлама қоршаған әлеммен, әлеуметтік-коммуникативтік және сөйлеу дамуымен өзара байланысты көздейді.

Әр баланың қабылдауы, өмірлік тәжірибесі мен психо-физиологиялық қасиеттері әртүрлі. Сондықтан, берілген тапсырмаларды бір бала жеңіл орындаса, енді бір балаға қиындықтар туғызуы мүмкін. Соған сәйкес,

ересектің көмегімен әр баланың өзінше белгілі бір нәтижеге жетуіне көмек көрсету қажет.

**Авторлық бағдарламаның мақсаты:**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы ересек топ тәрбиешілеріне бағыт-бағдар беру, дидактикалық материалдарды тиімді қолдану, ұйымдастырылған іс-әрекеттің танымдық, тәрбиелік сипатын дұрыс аша білуге көмектесу, шығармашылық тапсырмаларды ұйымдастыруға қолдану. Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық негіздерін, танымдық қабілеттерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде математикалық ойындар арқылы баланың танымдық қызығушылықтарын арттыру.

**Міндеттері:**

-математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекетінде ойын түрлерін қолданудың маңызын көрсету;

-балалардың білімін жүйелеп, практикада қолдануына, қалыптасуына жағдай жасау;

-балалардың математикаға деген қызығушылықтарын арттыру, оны игеруге көмек көрсету;

-мектепке дейінгі жастағы балалардың математика негіздеріне ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындалған әдістемелік материалдарының дұрыс пайдалана білу.

**Бағдарламаны нормативтік құжаттармен қамтамасыз ету:**

1.Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 05 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

2.Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

**Күтілетін нәтиже:**

-5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды;

-теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие;

-екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады;

-шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәілдерін қолданады;

-геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді ажыратады және атайды;

-геометриялық фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттейді;

-сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атайды;

-тәулік бөліктерін ажыратады, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін біледі;

-«бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратады;

-кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды;

-берілген бағытта қозғалады;

-қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатады.

**Ересек тобына арналған математика негіздеріне қосымша  
«Қызықты математика» бағдарламасының перспективалық жоспары**

<b>№</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыбы</b>	<b>Міндеттері</b>	<b>Саны</b>
1	Біреу – көп. Үлкен – кіші. Дөңгелек	Бір зат пен көп затты бір-бірінен айыра білуге, таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші) салыстыруды, оларды осы белгілеріне қарай топтастыруды үйрету; геометриялық пішін – шеңбер туралы өткенді пысықтау. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.	1
2	Заттар тобын салыстыру. Оң жақ – сол жақ	Санау тәсілдерін пайдалана отырып, заттарды санауды (3 көлеміндегі сандар), екі топтағы заттар арасындағы теңдікті анықтауға; заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда сөзбен жеткізе білуді үйрету; қағаз бетінде бағдарлай алуға дағдыландыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейін қоя білуін тәрбиелеу.	1
3	Затты сәйкестендіру. Үлкен, кіші, кішкентай. Шаршы	Заттарды көлеміне қарай салыстыру дағдысын бекіту (үлкен, кіші, кішкентай) заттардың ұқсас белгілерін (көлемін) тауып, оларды сол белгілеріне қарай топтастыруды үйрету; геометриялық пішін – шаршы туралы түсінікті нығайту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейінділікке тәрбиелеу.	1
4	Тәулік бөліктері. Сол жағында, оң жағында, ортасында	Балалардың тәулік бөліктері туралы түсінігін нығайту; заттардың орналасу ретін сөзбен баяндауды үйрету (сол жағында, ортасында, оң жағында). Ойлау қабілеттерін дамыту. Өзара көмекке ұмтылуға тәрбиелеу.	1

5	1 саны және цифры. Оң жақ – сол жақ. Дөңгелек және шаршы	1 цифрын 1 санының таңбасы ретінде таныстыру, заттардың кеңістікте өзара орналасу орнын, оларды бір-бірімен салыстыра отырып және өзіне қатысты тұрғыда (оң жақ, сол жақ, ортасы) анықтай білуге үйрету; геометриялық пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейін қоя білуге тәрбиелеу.	1
6	1 цифры. Жылдам – баяу. Үшбұрыш	Цифрды заттың санымен сәйкестендіруге, геометриялық пішіндерді (үшбұрышты) тану және атау; «жылдам», «баяу» түсініктерін қалыптастыру; таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстыру, сол белгілері бойынша біріктіруге үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. Өз бетімен жұмыс жасауға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
7	2 саны және цифры. Дөңгелек. Ұзын – қысқа	2 саны және цифрымен таныстыру; «қысқа», «ұзын» ұғымдарын айыра білуге салыстыруды үйрету; геометриялық пішіндерді зерттеуді, шеңберді өзге пішіндердің арасынан табуды дамыту. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.	1
8	2 саны және цифры. Жақын – алыс	1, 2 цифрды заттың санымен сәйкестендіруді, «алыс», «жақын» ұғымдарын айыра білуге үйрету. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейін қоя білуін тәрбиелеу.	1
9	3 саны және цифры. Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Кеше, бүгін, ертең	3 цифрын 3 санының таңбасы ретінде таныстыру, цифрды зат санымен байланыстыра білуді; «кеше», «бүгін», «ертең» тәулік бөліктерін ажырату және атай білуге үйрету. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.	1

10	1, 2, 3 цифрлары. Биік – аласа	1, 2, 3 цифрлары туралы білімдерін бекіту; «биік», «аласа» ұғымдарын қалыптастыру. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді; таныс заттарды биіктігіне қарай (биік, аласа) салыстыруға үйрету, оларды сол белгілері бойынша біріктіру қабілетін ұштау; геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінін дамыту. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.	1
11	Сан мен заттың санын сәйкестендіру. Кең – тар. Шаршы	Заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету; таныс заттарды еніне қарай (кең, тар) салыстыру қабілетін дамыту; геометриялық пішіндерді (шаршы) тану және атау, зерттеу дағдысын бекіту. Ойлау қабілеттерін қалыптастыру. Зейінділікке тәрбиелеу.	1
12	Заттар тобын теңестіру	Заттардың кеңістікте орналасу тәуелсіздігі туралы ұғымдарын қалыптастыру. Екі топтағы заттарды теңестіру; әртүрлі қашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету; заттарды үлгі бойынша санауға жаттықтыру, өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай білу дағдыларын дамыту. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.	1
13	4 саны және цифры. Үлкен – кішкентай	Заттардың шамасын анықтау дағдыларын қалыптастыру. 4 цифрын 4 санының таңбасы ретінде таныстыру; «үлкен», «кіші», «кішкентай» сөздерін пайдалана отырып, заттарды көлеміне қарай сәйкестендіруді үйрету. Есте сақтау қабілетінің дамуына ықпал ету.	1

		Тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу.	
14	4 саны және цифры	4 санымен 4 цифры туралы өткенді пысықтау; заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету; геометриялық пішіндерді тану және атау, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейін қоя білуге тәрбиелеу.	1
15	Сандарды салыстыру. Ұзын – қысқа	1, 2, 3, 4 цифрлары туралы және заттардың шамасы туралы дағдыларын қалыптастыру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы туралы түсінік беру, «ұзын», «қысқа» ұғымдарын қалыптастыру, геометриялық пішіндерді тану және атау, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Есте сақтау қабілетінің дамуына ықпал ету. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.	1
16	Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Жоғарыда – төменде, сол жағында – оң жағында. Шаршы	Цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету; кеңістіктік қатынастар (сол жағында, оң жағында, үстінде, алдында) туралы ұғымдарын қалыптастыру; геометриялық пішіндерді тану және атау, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.	1
17	5 саны және цифры. Сол жағында, оң жағында, ортасында	5цифрымен таныстыру; 5-ке дейін санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау; заттың орналасқан орнын анықтау және сөзбен баяндау (сол жақта, оң жақта, ортасында). Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейін қоя білуге тәрбиелеу.	1
18	Заттар тобын теңестіру. Не неге ұқсайды? Кеңістікте бағдарлау	Теңдікті орнатуға; теңдікті кем топқа бір затты үстемелей отырып орнатуға үйрету; айналадағы заттардың сұлбасынан геометриялық пішіндерді табуға	1

		үйрету; 5-ке дейін тура және кері санауды жетілдіру; кеңістіктік қатынастар (сол жағында, оң жағында) туралы ұғымдарын қалыптастыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу.	
19	Реттік санау. Оң жақта, сол жақта, ортасында.	Сандық және реттік санауды айыруға, «қанша?», «нешінші?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету; 5-ке дейінгі сандарды ретімен санауға, тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтау және тану дағдыларын қалыптастыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Зейінділікке тәрбиелеу.	1
20	Реттік санау. Сан мен цифрды сәйкестендіру. Геометриялық фигуралар	Реттік санауды, «қанша?», «нешінші?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беру; заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігін түсіне білуге үйрету; геометриялық пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейін қоя білуге тәрбиелеу.	1
21	Сан мен цифрды сәйкестендіру. Тәулік бөліктері: таңертең, күндіз, кеш, түн. Есептік және реттік санау	5-ке дейінгі сандарды ретімен санау, есептік және реттік санауды айыруға, «қанша?», «нешінші?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету; таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.	1
22	Сан мен цифрды сәйкестендіру. Шар, текше, цилиндр	Геометриялық денелерді (шар, текше, цилиндр) танып, атай білуге үйрету. Нешінші? Саны бойынша қайсысы? сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту; теңдік және	1

		теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру, 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейінділікке тәрбиелеу.	
23	Есептік және реттік санау. Сан мен цифрды сәйкестендіру	5-ке дейін реттік және сандық есеп дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, Нешінші? Саны бойынша қайсысы? сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту; топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді жалпылай білуді дамыту. Ойлау қабілеттерін дамыту. Өзара көмекке ұмтылуға тәрбиелеу.	1
24	Қанша? Цифрды заттың санымен сәйкестендіру. Сол жағында, оң жағында	Сандарды заттар санымен байланыстыруды үйрету; қағаз бетінде бейнеленген заттарды орналасу ретіне қарай сөзбен атап көрсету (сол жағында, оң жағында). Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейін қоя білуге тәрбиелеу.	1
25	Реттік санау. Сан мен цифрды сәйкестендіру. Солға, оңға	5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау; Нешінші? Саны бойынша қайсысы? сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту; «солға», «оңға» ұғымдарын айыра білуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.	1
26	Заттарды көлемі бойынша салыстыру. Заттардың санын цифрмен сәйкестендіру	Кеңістікте орналасуына тәуелсіз тұрғыда заттар тобын теңестіру; көлемі жағынан әртүрлі заттарды салыстыру; заттардың саны мен санының сәйкестігін орнату заңдылықтарды анықтауға берілген	1

		логикалық тапсырмаларды шешу жолдарын үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейін қоя білуге тәрбиелеу.	
27	Реттік санау. Кеңістікте бағдарлау. Заттардың санын цифрмен сәйкестендіру	Реттік сан есімдерді атау. Нешінші? Саны бойынша қайсысы? сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту; өзіне қатысты тұрғыда заттардың орналасу жағдайын сөзбен жеткізу (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде, арасында) дағдыларын бекіту. Ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.	1
28	1, 2, 3, 4, 5 цифрлары және сандары. Сан мен цифрды сәйкестендіру	1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы, әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен (көру, есту) санау дағдыларын қалыптастыру. 1-ден 5-ке дейінгі сандар және цифрларды атау, санау дағдыларын дамыту, заттың санын цифрмен сәйкестендіру, математикалық жұмбақтарды шешу жолдарын үйретуді жалғастыру. Есте сақтау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Зейін қоя білуге тәрбиелеу.	1
29	1, 2, 3, 4, 5 цифрлары және сандары. Реттік санау. Оң жақта – сол жақта, жоғарыда – төменде	1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы; өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтау дағдыларын бекіту. 5-ке дейін реттік санау, реттік сан есімдерді атау, Нешінші? Саны бойынша қайсысы? сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту; қағаз бетінде бағдарлау қабілетін арттыру. Есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ	1

		моторикасын дамыту.Көмек қолын созуға тәрбиелеу.	
30	Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Не неге ұқсайды?	Цифрды заттың санымен сәйкестендіру қабілетін бекіту; геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш)  Оң жақта – сол жақта  және геометриялық денелерді (текше, шар, цилиндр) тану, атау, зерттеу дағдыларын дамыту, кеңістіктегі қарым-қатынастар (сол жақта, оң жақта) туралы түсінігін бекіту.Есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.	1
31	Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Алыс – жақын	1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы білімдерін бекіту; заттың санын цифрмен сәйкестендіру қабілетін бекіту; өзінің айналасында және қағаз бетіндегі кеңістікте бағдарлану білігін бекітуді жалғастыру (алыс – жақын) сөзбен баяндай білу дағдыларын бекіту. Логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.Зейінділікке, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.	1
32	4, 5 сандарын салыстыру. Кең – тар	Заттың санын цифрмен сәйкестендіру қабілетін бекіту, «кең», «тар» ұғымдарын нақты мысалдармен түсіндіру, салыстыруда беттестіру және тұтастыру тәсілдерін қолдану. Заттар тобының тең және тең еместігі туралы ұғымдарын, есте	1

		сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Зейінділікке тәрбиелеу.	
33	Есептік және реттік санау. Сан мен цифрды сәйкестендіру	5-ке дейін реттік және сандық есеп; реттік сан есімдерді атау, заттың санын цифрмен сәйкестендіру қабілетін бекіту. Геометриялық пішіндерді тану, атау, зерттеу дағдыларын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.	1
34	Заттар тобын салыстыру. Заттың санын цифрмен сәйкестендіру	Теңдікті кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға; 1, 2, 3, 4 цифрларын заттың санымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру. Логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Зейін қоя білуге тәрбиелеу.	1
35	Сан мен цифрды сәйкестендіру. Есептік және реттік санау. Үлкен, кіші, кішкентай, өте кіші	Цифрларды заттың санымен сәйкестендіру; есептік және реттік санау; заттарды көлемі бойынша (үлкен, кіші, кішкентай, өте кіші) салыстыру туралы білімдерін бекіту. Зерттеу дағдыларын дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.	1
36	Бекіту. Сан мен цифрды сәйкестендіру	Әртүрлі арақашықтықта орналасқан екі топтағы заттарды салыстыруды, 5 заттың сәйкестігін анықтауды және заттарды бес-бестен бір топқа біріктіруді үйрету. Логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.	1

## Ересек тобына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің конспектісі № 1 ҮІӘ

**Тақырыбы:** Біреу – көп. Үлкен – кіші. Дөңгелек.

**Мақсаты:** «бір және көп» ұғымдарын; заттарды өлшемі (үлкен, кіші) бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:**

Бір зат пен көп затты бір-бірінен айыра білуге, таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші) салыстыруды, оларды осы белгілеріне қарай топтастыруды үйрету; геометриялық пішін – шеңбер туралы өткенді пысықтау. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.

**Құралдар:**

Ата мен Әже қуыршақтары, қамшы, түрлі-түсті асық және торсықтар,ғажайып дорба, уақ ойыншықтар мен әр балаға карточкалар, тапсырмалар.

**ҮІӘ барысы:**

Тәрбиеші қонаққа Ата мен Әженің келгенін айтып, балалар амандасады. Олар өздерімен бірге сандықшаларын алып келген, онда не бар екенін білу үшін Ата мен Әженің жұмбақтарының шешуін табу керек, содан кейін ойын-тапсырмалар орындауды ұсынады.

**1-тапсырма. «Бір-көп», «Салыстыру»** (түрлі-түсті асықтармен)

Шік түсті,

Бүк түсті.

Алшы тұрды,

Тәйке тұрды,

Омпа тұрды.

Шеше алады

Ал кім мұны?

**Жауабы:** Асық.

-Асықтардың түстері қандай?

-Қызыл асық көпше, сары ас көпше?

-Жасыл мен көк асықты салыстыру, қайсысы көп, аз?

-Сары мен қызыл асықты бірдей теңестіру.

-Бір қызыл, көп жасыл асық.



**Сергіту сәті:**

Қолға қамшы аламын,

Атқа мініп шабамын.

Құрық сілтеп асауға,

Мен атамдай боламын.

**2-тапсырма. «Үлкен-кіші»** (қамшыларды салыстыру)



Сегіз тарам қайыстан,  
 Өрімі бар бұзау тіс.  
 Жұмсақ жағы майысқан,  
 Айнымаған жылан түс.

**Жауабы:** Қамшы.

Қымыз, шұбат, іркіт сияқты сүт тағамдарын құюға арналған ыдыс. Бүйірі дөңгелек, мойны жіңішке әрі ұзын болып келген. Оның аузына ағаш тығын тығады. Тығыны жоғалып қалмау үшін қайыстан бау өткізіп, оның бір ұшын торсықтың мойнына бекітіп қойған.

**Жауабы:** Торсық.

Балаларға үлкен-кіші қамшылар мен торсықтар беріледі. Балалар салыстырып, тәрбиешінің айтуымен көрсетіп, айтады.

**Ойын:** «Ғажайып қапшық»

Балалар қапшыққа қолдарын салу арқылы сипап сезу арқылы қандай пішінге ұқсас, қандай зат екенін табады.

**3-тапсырма.** «Дөңгелек» (таблица,карточкалармен жұмыс)

Емес бұл төртбұрыш,  
 Мұнда мүлде жоқ бұрыш.

Бұл қандай пішін?

**Жауабы:** Дөңгелек.

-Дөңгелектің бұрышы болмайды, домалайды, кедергі жасайтын бұрыштары болмайды. Балалар дөңгелекке ұқсайтын карточкалы суреттерден орналастырады, атауларын, түстерін атайды.



**4-тапсырма.** «Кім епті» (пішінді атау, дөңгелекті үзік сызықтармен бастыру)

Балалардың саусақ моторикасын дамыту.

**Қорытынды:**

-Бүгін ұйымдастырылған іс-әрекетінде нелер туралы жұмбақтар шешуін тауып, қандай тапсырмалар орындадық?

-«біреу-көп» қалай салыстырдық? Теңестірдік?

-Дөңгелекке ұқсайтын заттарды атандаршы.

-Кімдердің тапсырмаларын орындадық?

*Балалардың жауаптары.*

**Рефлексия.**

Балалар енді тапсырманы жақсы түсініп, орындау жеңіл болса, қызыл асықты, ал түсінбей, орындау қиындау болса сары асықты көрсетіндер. *Балаларды мадақтау, ата мен әженің тұмар сыйлықтарын беру.*

## № 2 ҮІӨ

**Тақырыбы:** Заттар тобын салыстыру. Оң жақ – сол жақ.

**Мақсаты:** Заттарды салыстыру, кеңістікте бағдарлай алу дағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:** Санау тәсілдерін пайдалана отырып, заттарды санауды (3 көлеміндегі сандар), екі топтағы заттар арасындағы теңдікті анықтауға; заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда сөзбен жеткізе білуді үйрету; қағаз бетінде бағдарлай алуға дағдыландыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейін қоя білуін тәрбиелеу.

**Құралдар:** Қоян ойыншығы, үлкен, кішкентай сәбіздер, карточкалар, түрлі-түсті бояулар.

### ҮІӨ барысы:

Тәрбиеші топқа қонаққа қоян келгенін айтып, балалармен амандасады.

Қоян өзімен бірге себет алып келеді, онда не барын білгілерің келсе, қоянның жұмбағының шешуін табу керек.

Жерге қазық қақтым,  
Басына айдар тақтым.

**Жауабы:** Сәбіз.

### 1-тапсырма. «Заттар тобын салыстыру»

Балаларға үлкен-кішкентай сәбіздер беріледі. Тәрбиешінің айтуымен балалар қойып салыстырады.

- Бір үлкен, көп кішкентай сәбіздер қойыңдар.
- Бір кішкентай, көп үлкен сәбіздерді қойып салыстырыңдар.
- Бір кішкентай, бір үлкен сәбіз шығарып, теңестіріңдер.
- Үлкен сәбізді оң қолмен, кішкентай сәбізді сол қолмен көрсету.



### 2-тапсырма. «Қанша, сонша дөңгелек сал»

Суреттегі қоянда қанша құлақ және қанша сәбіз болса, астындағы жолақшаға сонша дөңгелек салады.

### Сергіту сәті:

Ұзын құлақ сұр қоян,  
Естіп қалып сыбдырды.

Ойлы қырлы жерлермен  
Ытқып ытқып жүгірді.  
Ал, кәнеки көжектей,  
Ырғып- ырғып қашайық.  
Шөпке тойған көжектей,  
Танаумен дем алайық.

### **3-тапсырма. «Кеңістікті бағдарлау»**

- Қоян қай жерде тұр?
- Сол жағында, жоғарыда не бар?
- Сол жағында төменде, балапандар көппе, аз ба?
- Оң жағында жоғарыда?
- Төменде қанша балапан?
- Қоянның жоғары жағында не ұшып жүр?



### **4-тапсырма. «Бағдарлай біл»**

- Күзгі ағаштың суретін қағаз ортасына салу;
- Жоғары жағына ұшқан құсты;
- Оң жағының жоғары жағына күн;
- Сол жағының жоғарына бұлт;
- Ағаштың төменгі сол жағына саңырауқұлақ;
- Ағаштың төменгі оң жағына қоян суреті салу.

### **Қорытынды:**

- Балалар, сәбіздердің көлемдері қандай, қалай сал?
- Қандай тапсырмалар орындалды?
- Оң-сол, жоғары-төмен бағыттарын еске түсіріп, 1
- Қай мезгілдегі ағаштың бейнесін салдыңдар?

*Балалардың жауаптары.*

### **Рефлексия.**

Балалар, тапсырмаларды жақсы түсініп, ұнаса қызыл жапырақ, ал дұрыс түсінбей, тапсырманы орындай қиындау болған болса, сары жапырақты аласыңдар.

*Тәрбиеші балалардың орындаған тапсырмаларын мадақтайды.*



## **№ 3 ҮІӘ**

**Тақырыбы:** Затты сәйкестендіру. Үлкен, кіші, кішкентай. Шаршы.

**Мақсаты:** Заттардың саны мен санының сәйкестігін орнатуды үйрету; «үлкен, кіші, кішкентай» өлшем туралы ұғымдарын қалыптастыру.

**Міндеттері:** Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестігін орнатуды; заттарды көлеміне қарай салыстыру дағдысын бекіту (үлкен, кіші, кішкентай) заттардың ұқсас белгілерін (көлемін) тауып, оларды сол белгілеріне қарай топтастыруды үйрету; геометриялық пішін – шаршы туралы түсінікті нығайту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейінділікке тәрбиелеу.

**Құралдар:** Қуыршақ Аяжан, жемістер салынған дорбасымен, муляждар, бала санына карточкалар, ойын-тапсырмалар, бояулар, доптар.

### **ҮІӘ барысы:**

Топқа қонаққа Аяжан қуыршағы келіп балалармен амандасады.

Балаларға ғажайып дорбасын көрсетіп, жұмбақтың шешуін тапсаңдар, сендермен ойындар ойнайтынын айтады.

Ағашта оның мекені,  
Піскенде түсіп кетеді.

**Алма.**

Бұл жеміс, шырынды тәтті,  
Ағашта өседі.

**Алмұрт.**

Тәтті.  
Тәттінің іші қатты,  
Қаттының іші тәтті.

**Өрік.**

Сырты сары,  
Іші дәрі.

**Лимон.**

**1-тапсырма. «Кім зейінді»**

Жемістер қанша, сонша дөңгелектер салып, сәйкестендіреді.

**2-тапсырма. «Үлкен,кіші,кішкентай»**

Балалар ойыншық доптарды салыстырады,  
әртүрлі көлемді ажыратады, ұстап қарайды.

Карточкадағы суреттерді салыстырып,  
қандай көлемді жоғын тауып, соның  
суретін салып толықтырады.

**Сергіту сәті:**

Доп безек қағады,  
Секіріп еденде.

Біресе жоғары,

Біресе төменде.

Секіріп доптай-ақ,

Жаттығу оңай-ақ.

**3 – ойын: «Ұқсас затты тез тап»**

Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне допты лақтыру арқылы шаршыға ұқсас зат, ойыншықтарды тез айтуы керек.

**4 - тапсырма. «Шаршы»**

Төрт қабырғасы тең болса,

Төрт бұрышы тең болса.

Жауап берер балақай,

Ой өрісі кең болса,

Бұл қандай пішін?



**-Шаршы.**

Балалар геометриялық пішіндердің ішінен шаршыны тауып бастырады. Саусақ моторикасы дамиды.

**Қорытынды:**

Бүгінгі орындалған тапсырма, ойындарды сұрақтармен қорытындылау.

-Жемістердің ең көп қандай жеміс?



-Ал біреу қандай?

-Үлкен күшік нешінші тұр?

-Кішкентайы ше?

-Шаршының неше бұрышы, неше қабырғасы бар?

*Балалардың ҰІӘ әрекетке қатысу мен жауаптарына мадақтау.*

### **Рефлексия:**

Балалар ойын, тапсырмаларға түсініп, жақсы орындап, ұнаса алманы, орындау қиындау болып, түсінбесе лимонды көрсетеді.

*Аяжан қуыршақ балаларға ризашылығын айтып, балаларға өзінің шаршыға бейнеленген суретін беріп, қоштасады.*

### **№ 4 ҰІӘ**

**Тақырыбы:** Тәулік бөліктері. Сол жағында, оң жағында, ортасында.

**Мақсаты:** Тәулік бөліктері, заттардың орналасуы туралы білімдерін қалыптастыру.

**Міндеттері:** Балалардың тәулік бөліктері туралы түсінігін нығайту; заттардың орналасу ретін сөзбен баяндауды үйрету (сол жағында, ортасында, оң жағында). Ойлау қабілеттерін дамыту. Өзара көмекке ұмтылуға тәрбиелеу.

**Құралдар:** Тәулік бөліктерінің карточкалары, күзгі ағаш, жапырақтар, жеміс, көкөністер.

### **ҰІӘ барысы:**

Балаларды күзгі табиғатқа саяхатқа шақыру. Күзгі мезгілдің маусымдық ерекшеліктерін әңгімелеу. (күзгі көріністен бейнеролик)

Алтын, сары, қызыл, көк,

Алуан-алуан жапырақ.

Күзгі бақта күлімдеп,

Көз тартады атырап. (балалар күз туралы тақпақтарын еске түсіреді)

Балалар мен сендерге тәулік туралы тақпақтар айтамын, сендер қай уақыт екенін табындар.

Нұрға толып бар аймақ,

Күн шығады арайлап.

Ұйқымыздан тұрамыз,

Беті-қолды жуамыз.

Анамызға ереміз,

Бақшамызға келеміз.

Айтыңдаршы балалар!

Бұл қай мезгіл?.....

### **Таңертең.**

Тамақтанып аламыз,

Біз тәртіпті баламыз.

Және ұйықтаймыз,


Тұрамыз,

Серуенге шығамыз,

Қыдырамыз далада,

Бұл қай кез?.....

### **Күндіз.**



Көлеңкелер ұзарып,  
Күн батады қызарып.  
Анамызды күтеміз.  
«Апай! Сау бол!»- дейміз де,  
Үйімізге қайтамыз.  
Бұл қай кез?.....

**Кеш.**

Үйлерде шам жанады,  
Маңай тастай қараңғы.  
Дем алады бар әлем,  
Деп,әлдилер ақ әжең.  
Айта алады мұны кім,  
Бұл қай мезгіл?.....

**Түн.**

Балалар тәулік уақыттарын айтып, көрсетеді.

**1 - тапсырма. «Төрт түс»**

-Балалар осы тәуліктерді төрт түспен белгілеп, ажыратуға болады.

Сары – таңертең, қызғылт-сары – күндіз, көк – кеш, қара – түн. Осылайша сурет қасына түстермен дөңгелектер салып белгілейміз.

**2 – дидактикалық ойын. «Тәулік бөліктерін ажырата біл»**


Балаларға төрт тәулік бөліктеріне сай баланың әрекеттері бейнеленген суреттер беріледі, балалар тәулікті ретімен орналастырып, әңгімелеп береді.



**Сергіту сәті:**

Күнде таңертең,  
Жаттығу жасаймыз.  
Бізге өте ұнайды,  
Ретімен жасау.  
Көңілді адымда,  
Көңілді адымдап,  
Қолды көтеріп,  
Қолды түсіріп.  
Отырып, тұрып,  
Отырып, тұрып.  
Секіре шабамыз,  
Секіре шабамыз.

**3 – тапсырма. «Қай жағында?» (оң, сол, ортасында)**





Жеміс-жидек,көкөністерді ажырату.

-Қайсы көп, біреу?

-Оң жағында не, ал сол жағында нелер орналасқан?

-Ортасында, жоғары, төменде не бар?

-Түстері қандай?


#### 4 – тапсырма. «Күзгі жапырақтар»

Жапырақтарды тәрбиеші айтуымен бояйды. Ортасындағы жапырақты қызыл түске, оң жағындағы жапырақты сары түске, сол жағындағы жапырақты қызғылт-сары түске боя.

-Оң жақтағы жапырақтың түсі қандай?

-Сол жақтағы түсі қандай?

-Ортадағы жапырақтың түсі ше?



#### Қорытынды:

-Саяхатқа қайда жасадық?

-Қандай ойын ойнап, тапсырмалар орындадық?

-Тәулік бөліктерін ретімен айтыңдар?

-Қандай түстермен белгілеуге болады?

-Қандай жеміс ортасында, ал оң жағында және сол жағына қандай жеміс орналасқан?

*Балалардың жауаптары тыңдалады, тәрбиеші мадақтайды.*

#### Рефлексия.

Балалар ойын,тапсырмаларды түсініп, жақсы орындаса қызыл түсті, ал орындау қиындау болса сары түсті жапырақты ағашқа қондырады.

*Балаларға күзгі дәрумен жемістер беріледі.*

#### № 5 ҮІӨ

**Тақырыбы:** 1 саны және цифры. Оң жақ – сол жақ. Дөңгелек және шаршы.

**Мақсаты:** 1 цифрмен таныстыру, заттардың кеңістікте орналасуын, орнын ажырата білуге үйрету, геометриялық фигуралар – шеңбер мен шаршы туралы білімдерін жетілдіру.

**Міндеттері:** 1 цифрын 1 санының таңбасы ретінде таныстыру, заттардың кеңістікте өзара орналасу орнын оларды бір-бірімен салыстыра отырып және өзіне қатысты тұрғыда (оң жақта, сол жақта, ортасында) анықтай білуге үйрету; геометриялық фигураларды зерттеу дағдыларын қалыптастыру.

Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейін қоя білуге тәрбиелеу.

**Құралдар:** Әртүрлі үлкен ойыншықтар біреуден, түрлі-түсті бояулар, балаларға жететін геометриялық пішіндер, тапсырмалар карточкалары, фишкалар, торғай, 1 санының таңбасы.

**ҰІӨ барысы:**

Бүгін тобымызға бір торғай ұшып келді, қолында мынадай сан бар екен, санның артында мынадай тақпағы және ойын, тапсырмалары бар екен.

Мені келсе білгің,

Мен таяқша бірмін.

Ата - әжеме жол бастап,

Оң қолымда жүрмін.

Ал санау қандай саннан басталады? Санау “бір” санынан басталады. “Бір” саны бір затты көрсетеді және онда бір бірлік болады.

Бір сөзі бірнеше түрде айтылады: «бір», «бірінші», «біреу», «жалғыз», «алғашқы» деп. Ол бір қысқа және бір ұзын таяқшадан тұрады.



**1 – тапсырма. «Бір санды тап»**

Сандар ішінен 1 цифрын тауып, бояйды.



**2 – ойын: «Күшікті тамақтандыр»**

Бүгінгі танысқан бір саны қай күшік мойнында тауып, соған сәйкес тамағын орналастырады.



**Сергіту сәті:**

Бір-екі, бір-екі,

Көңілді біз келеміз.  
Бір-екі, бір-екі,  
Әнді шырқап келеміз,  
Ал, енді жүгір, жүгір,  
Шеңбер болып бұрыл.

### 3 – тапсырма. «Ойлана, суретін сал»

Қонжықтың сол жағына – доп, қуыршақтың  
оң жағына – шар, ал қонжық пен  
қуыршақтың ортасына кубик суретін сал.



### 4 – ойын «Кім тез»

Балалар шаршы мен дөңгелек пішінді таңдау арқылы екі топқа бөлінеді.  
Тақтаға үлкен шаршы мен дөңгелек ілінеді, белгі берілгенде әр топ өздері  
таңдаған кішкентай пішінді алып, тез тасып жинайды. Сол пішінге ұқсас  
затты топ ішінен тауып айтады.



### Қорытынды:

- Бүгін бізге қонаққа қандай құс ұшып келді?
- Ол қандай сан алып келіп, таныстық?
- Ол нешінші тұратын сан екен? Таңбасын көрсету.
- Қандай ойын, тапсырмалар орындадық?

Бір дегенім бірінші,  
Тұрды ол қатарда.  
Көтеріп ап танауды,  
Бастайды ол санауды.

*Балалардың жауаптары, мадақтау.*

### Рефлексия.

Балалар бүгінгі ҰІӨ түсініп, тапсырмаларды орындау жеңіл болса қызыл  
фишканы, түсініксіз болса сары фишканы көтереді.

### № 6 ҰІӨ

**Тақырыбы:** 1 цифры. Жылдам – баяу. Үшбұрыш

**Мақсаты:** 1 цифры туралы білімдерін бекіту; «жылдам, баяу» ұғымдарын  
қалыптастыру, геометриялық фигураларды (үшбұрышты) тану және атау.

**Міндеттері:** Цифрды заттың санымен сәйкестендіруге, геометриялық  
фигураларды (үшбұрышты) тану және атау; «жылдам», «баяу» түсініктерін  
қалыптастыру; таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай)  
салыстыру, сол белгілері бойынша біріктіруге үйрету. Ойлау қабілеттерін  
дамыту. Өз бетімен жұмыс істеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Құралдар:** 1 цифр таңбасы, әр балаға сандық таңбалар, ойыншықтар, табиғат бұрышы әйнек ыдыстағы тасбақа, үлестірмелі геометриялық пішіндер, суретті карточкалар, түрлі-түсті бояулар.

**ҮІӘ барысы:**

Тәрбиеші жұмбақ жасырады, балалар шешуін тапқан соң, осы топта жасырынып отырған тасбақаны тауып алуларын айтады.

Бауырында төрт таған,

Арқасында тостаған.


**Тасбақа.**

Тасбақа сендерге өзі мен достарының суретін және ойын, тапсырмалар алып келіпті.


**1 – тапсырма. «Бір саны», «Біреу және көп»**

Сандар арасынын өздеріңе таныс 1 санының таңбасын көрсету.

Бір тасбақа, көп тасбақалар. Біреу-көп.



Мына суретте бір дана не бар, соны бояйды. (шар, қонжық, пирамида)



**2 – ойын «Жылдам-баяу»**



Балалар карточкаларан қайсысы жылдам, қайсысы баяу жүретінін айтады.

### Сергіту сәті:

Біз өнерді жалғайық.

Үшбұрыштар жасайық,

Төртбұрыштар жасайық.

Жоғарыдан бір сызық,

Төменгіден бір сызық,

Бұрыштарын қосқанда,

Өрнек шықты сызылып.



### 3 – тапсырма. «Ойлан тап»

Бұрыштарын табамыз,

Бұған келер шамамыз.

Төбесінен сырғанап,

Құлап қалсақ күлеміз.

Бұл қандай пішін?

### Үшбұрыш.


Үшбұрыштың үш бұрышы бар, ол үйдің шатырына, мұнараға ұқсайды.

Балаларға үшбұрышты көрсету, таныстыру.

### 4 – тапсырма. «Үшбұрыш»

-Қандай пішіндер бар?

-Үшбұрышты тауып, жасыл түспен бояу.



### Рефлексия:

«Ашық микрофон»

Тәрбиеші сұрағына ұнағанды, түсінбегенін айту.

### № 7 ҰІӨ

**Тақырыбы:** 2 саны және цифры. Дөңгелек. Ұзын – қысқа.

**Мақсаты:** 2 цифрмен таныстыру; «ұзын, қысқа» туралы ұғымдарын қалыптастыру.

**Міндеттері:** 2 саны және цифрымен таныстыру; «қысқа», «ұзын» ұғымдарын айыра білуге салыстыруды үйрету; геометриялық пішіндерді зерттеуді, дөңгелекті өзге пішіндердің арасынан табуды дамыту. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.

Құ  
боя,  
ҰҒ



ығы, 2 саны, ұзын-қысқа жолақтар, түрлі-түсті  
ісырмалар карточкалары.

Ал,кәнекеи бәріміз,  
Сәлем дейік үлкенге,  
Сәлеметсізбе!

**Жұмбақ. (топқа қанқызы қоңызы келеді)**

Қызыл көйлек кигені,  
Ұсақ қара түймелі.


**-Қанқызы.**

Бірден кейін тұрамын,  
Сандар іші тұрағым.  
Әдемілеп, жазғанда,  
Аққу болып шығамын.




**1 – тапсырма «Санды тап»**

Цифрлар ішінен 2 санын тауып, қызыл түспен қоршап сызады. Санның таңбасын тану, ажырату.



**2 – ойын: «Ғажайып дөңгелек»**

Геометриялық пішін – дөңгелекке ұқсас заттардың атауларын, түстерін, ол не екенін айтады. Жүк көлігіне тиісті геометриялық пішіндерді орналастырады.





### Сергіту сәті:

«Бип-бип, бип,»- дейді

«Жолдан былай кет,»- дейді

Күшікті басуға,

басуға Болмайды,

болмайды машина.

«Бип-бип, бип,»- дейді

«Жол шетінде күт,»- дейді

Көшеде жүруге асыға Болмайды,

болмайды машина.

### 3 – тапсырма «Ұзын - қысқа»

Балалар сендерге қазір ұзын-қысқа таяқша, ленталар, түрлі-түсті бояулар, қамшылар көрсетіп салыстырамын. Ұзын-қысқа салыстырғанда ұзынның үстіне қысқаны қойып, салыстырып қарайды.

Балаларға ұзын-қысқа жасыл мен сары жолақшалар беріледі, балалар ұзын үстіне қысқаны қойып салыстырады.

-Ұзынның түсі қандай?



-Қысқаның түсі қандай?

-Олардың ұзын-қысқа екенін қалай білдіңдер?

-Мысықтың ұзын лентасын қызылға, күшіктің қысқа қарындашын сарыға бояу.


-Ал, күшіктің ұзын қарындашын көкке, мысықтың қысқа лентасын жасылға бояйды.

Саусақ моторикасын дамытып, түстер мен ұзын-қысқаны салыстырады.



### 4 – тапсырма «Қанша дөңгелек бар?»

Балалар әр суретте неше дөңгелек пішіні бар, соны санап, бояйды.



**Қорытынды:**

- Қандай санмен таныстық? Нешінші тұрады?
- Қандай геометриялық пішін туралы айтып, ойындар ойналды?
- Дөңгелекке ұқсас заттарды атаңдар?
- Ұзын-қысқаны қалай салыстырады?
- Топтағы ойыншық, заттарды салыстыру.

**Рефлексия:**

«Бағдаршам» әдісімен қызыл-түсіндім, жасыл-дұрыс түсінбедім, орындау қиын болды.

Қонаққа келген қанқызы балалармен «Кім епті» жәй қимылды ойынын ойнайды.

**№ 8 ҮІӨ**

**Тақырыбы:** 2 саны және цифры. Жақын – алыс.

**Мақсаты:** 2 цифр туралы білімдерін бекіту, «алыс», «жақын» ұғымдарын қалыптастыру.

**Міндеттері:** 1, 2 цифрларын заттың санымен сәйкестендіруді, «алыс», «жақын» ұғымдарын айыра білуге үйрету. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейін қоя білуге тәрбиелеу.

**Құралдар:** екі қуыршақ, цифр, уақ ойыншықтар, үлестірмелі құралдар, суретті карточка, суреттер.

**ҮІӨ барысы:**

Аяғы бар, жүрмейді,  
Аузы бар, күлмейді,  
Айнымайды бөпемнен,  
Тек сөйлеуді білмейді.

**Қуыршақ.**

Топқа қонаққа қуыршақтар келеді, олардың есімдері – Айгүл мен Аяжан екен.

Өздерінің фото-суреттерін алып келген, қасына цифр жазылған.

- Қуыршақты санандар.
- Цифр неше саны?
- Бұл сан нешінші тұрады?
- Көршісі қандай сан?

Балалардан жеке сұрап, жауаптарын тыңдау.



### 1 – тапсырма «Санды тап»

Балалар 2 санын тауып, соны сары түспен бояйды. Цифр таңбасын таниды.



### 2 – дидактикалық ойын: «Салыстыра біл»

Балаларға үлестірілмеі уақ ойыншықтар беріледі. Тәрбиешінің айтуымен салыстырып, санайды, аз-көп, теңестіреді.

- Бір балық, екі шелек.
- Екі мысық, бір күшік.
- Бір ат, бір сиыр.
- Екі алма, екі алмұрт.

#### Сергіту сәті:

Бір екі, бір екі, аяқты аламыз.  
Адыммен бір келкі, сап түзер баламыз.  
Біз жауынгер баламыз.  
Бір екі, бір екі, жігерлі ән саламыз.  
Тізіліп бір келкі, ертең өсіп жеткенде  
Ел қорғайтын боламыз.

### 3 – тапсырма «Алыс - жақын»



- Ұл бала көлікпен алыста келеді.
- Қыз бала көлікпен жақында келеді.
- Көбелекке қай мысық жақын, қайсысы алыс тұр?
- Топтағы ойыншық, жиһаздарды алыс-жақын тұрғанын айтады.
- Құрбыларының алыс-жақын отырғандарын салыстырады.

### 4 – тапсырма «Зейінді бол»

Балаларға қағазда екі қуыршақ суреті бейнеленген қағаз беріледі.

- Бірінші қуыршақтың киімін қызыл, ал екінші қуыршақ киімін сары түске боя.
- Сары киімді қуыршаққа доптың суретін алыс сал.

-Қызыл киімді қуыршаққа шардың суретін жақын сал.

-Допқа жақын алма суретін сал.

-Шарға алыс алмұрт суретін сал.

**Қорытынды:**

-Қандай цифрды еске түсіріп, қайталадық?

-Ол сан нешінші тұрады? Алдыңғы көршісі қай сан?

-Топта сендерге қандай ойыншықтар жақын орналасқан? Алыс ше?

**Рефлексия:**

**Балалар ҮІӨ түсініп, дұрыс түсінгендерін саусақтарымен көрсетеді.**

**№ 9 ҮІӨ**

**Тақырыбы:** 3 саны және цифры. Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Кеше, бүгін, ертең.

**Мақсаты:** 3 цифрмен таныстыру; «кеше», «бүгін», «ертең» тәулік бөліктері туралы білімдерін қалыптастыру.

**Міндеттері:** 3 цифрын 3 санының таңбасы ретінде таныстыру, цифрды зат санымен байланыстыра білуді; «кеше», «бүгін», «ертең» тәулік бөліктерін ажырату және атай білу үйрету. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.

**Құралдар:** 3 саны, үш түрлі ойыншықтар, тапсырма, ойындар бойынша әр балаға құралдар.

**ҮІӨ барысы:**

Екіліктен кейін қараңдар,

3 саны шықты жарандар.

Үшінші орын тұрағы,

3 – ілмектен тұрады.

Балалар, 3 сандық қатарда 2 санынан кейін тұрады. 1 – дің көршісі 2 саны,

2 – нің көршісі – 3 саны болады.



-Аспанда күн нешеу?

-Ал жапалақ құсының көзі нешеу екен?

Менің үш көзім бар,

Бір көзім «кідір» дейді,

Бір көзім «жүгір» дейді,

Бір көзім «абайла» дейді,

«Қарап ал маңдайға!» - дейді.

**Жауабы: Бағдаршам.**



-Ал бағдаршамның неше көзі бар?

**1 – тапсырма «Сәйкестендір»**

1,2,3 сандарын тауып,соған байланысты суретті тауып, бояиды, салыстырады.

**2 – ойын: «Кім тез»**

Балалар тәрбиеші көрсеткен сандық таңба бойынша жұптасады.

1 – жалғыз, 2 – екеуден, 3 – үшеуден тұрады.

Балалардың сандық таңбасын тануға, ұйымшылдыққа үйрету.

**Логикалық жұмбақтар:**

1.Тәрелкеде үш алма болды,

Кірпі келіп біреуін алды, қанша алма қалды? (2)

2.Серуенде екі ұл ойнап жүрген, бір қыз келіп қосылды.Барлығы қанша? (3)

3.Айгүлдің отбасында әкесі және анасы бар, сонда отбасында барлығы қанша адам бар? (3)

**Сергіту сәті:**

Бір, екі, үш – бойға жинап күш,

Қолды сермеп аламыз,

Үлкен адам боламыз.

**3 – тапсырма «Кеше, бүгін, ертең»**

Балалар, кешегі күн ол өтіп кеткен, ал бүгін бүгінгі өтіп жатқан уақытымыз, ал ертең келер шақ, ұйқыдан тұрған соң басталатын күн екенін түсіндіру. Балабақшадағы әрекетімізді еске алу арқылы әңгімелесу.

**4 – тапсырма «Күзгі ағаш»**

Балаларға қағаз беріп, оларға күзгі ағаштың үшеуін салғызу.

Бірінші ағашқа көп сары жапырақ, ол кешегі ағаш болады.

Екінші ағашқа үш жапырақ салу, ол бүгінгі ағаш, ал үшінші ағашқа бір сары жапырақ салады, ол ертеңгі ағаш болады.

-Не түсініп орындадыңдар?

-Күз мезгілінде күнде жапырақтар сарғайып жерге түседі.

-Кеше көп, бүгін азайды, ертең одан да азайып, бір жапырақ қалды.

**Қорытынды:**

-Бүгін неше санымен таныстық?

-Ол нешінші, неше санынан кейін тұрады?

-Қандай ойын, тапсырмалар орындадық?

-Қандай тәулік бөліктерін ажыраттық?

**Рефлексия:**


**Балалар «Бағдаршам» әдісімен бағалайды, қызы түс-жақсы түсініп, орындау жеңіл болғаны, сары-түс орындау қиындау болды.**

*Тәрбиеші балаларды мадақтайды.*

**№ 10 ҰІӨ**

**Тақырыбы:** 1, 2, 3 цифрлары. Биік – аласа.

**Мақсаты:** 1, 2, 3 цифрлары туралы білімдерін бекіту; «биік», «аласа» ұғымдарын қалыптастыру.



**Міндеттері:** Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді; таныс заттарды биіктігіне қарай (биік, аласа) салыстыруға үйрету, оларды сол белгілері бойынша біріктіру қабілетін ұштау; геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінін дамыту. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.

**Құралдар:** 1,2,3 сандар, түрлі-түсті дөңгелектер, үлестірмелі құралдар мен карточкалар.

**ҮІӨ барысы:**

Сиқырлы түрлі-түсті дөңгелектер ішінде 1,2,3 сандар салынып дайындалады. Балалар қалаған түстерін алып, ішіндегі сандық таңбасын, көршісін, нешінші тұратынын айтады.



**1 – дидактикалық ойын: «Алма мен балмұздақ»**

Балаларға суреттегідей үлестірмелі құралдар беріледі. Санау арқылы сандарға сәйкестендіреді. Қандай пішін, түстерді айтады.



**2 – тапсырма «Сандар»**


1 – санын сары, 2 – санды қызыл, 3 санды көк түспен бояйды. Сандық таңбаны ажыратады.

**Сергіту сәті:**

Шаршасандар балалар,  
Қолдарыңды созыңдар.  
Саусақтармен ойнаңдар,  
Қолдарыңды сермендер.  
Денелерің шынықсын,  
Саналарың тынықсын.

**3 – тапсырма «Ойлана, тез жауап бер»**

Балалардың ойлау қабілеттерін арттыруға логикалық жұмбақтар жасырылады.



Қоянның неше құлағы бар?  
 Сиырдың неше құлағы бар?  
 Бағдаршамның неше көзі бар?  
 Піл үлкен бе, тышқан үлкен бе?  
 Қоян жүйрік пе, тасбақа жүйрік пе?  
 Аспанда қанша жұлдыз бар?  
 Аспанда күн нешеу, ай нешеу?  
 Тау үлкен бе, тас үлкенбе?  
 Балалардың жауаптары тыңдалады, бір-біріне көмектеседі.

#### 4 – тапсырма «Биік - аласа»

Балалар суретті қарап, биік-аласа мағынасын түсінеді. Тәрбиеші топтағы заттар, ойыншықтарды және балалардың бойларын салыстырып көрсетеді. Ата әжеден биік, ал әже немересінен, немересі күшіктен биік болса, мысық күшіктен аласа, тышқаннан биік суретті әңгімелейді.



#### Қорытынды:

-Қандай сандарды қайталадық? Көршілері, нешінші?  
 -Қандай ойын, тапсырма ұнады? Орындау жеңілме, қиынба?

#### Рефлексия:

Ойындар ұнап, орындау жеңіл болса, қызыл, ал түсінбей қалып, орындау күрделі болса, сары дөңгелекті көрсету.  
*Балаларды мадақтау.*

#### № 11 ҰІӨ

**Тақырыбы:** Сан мен заттың санын сәйкестендіру. Кең – тар. Шаршы.

**Мақсаты:** Сан мен заттың сәйкестендіру дағдыларын дамыту.

**Міндеттері:** Заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету; таныс заттарды еніне қарай (кең, тар) салыстыру қабілетін дамыту; геометриялық фигураларды (шаршы) тану және атау, зерттеу дағдысын бекіту. Ойлау қабілеттерін қалыптастыру. Зейінділікке тәрбиелеу.

**Құралдар:** қолдан жасалған үкі, ойындарға үлестірмелі құралдар, презентация, пішіндерге ұқсас ойыншық, заттар.

#### ҰІӨ барысы:



Топқа қонаққа Ақылды үкі келеді, ол өзімен бірге ойындар, құралдарымен әкеледі. Балалардың біліктіліктерін көруге келгенін айтады.

**1 – дидактикалық ойын: «Ойлан тап»**

Үкінің бірінші ойынында жануар мен құс және бақаны өз вагонына сызу арқылы орналастырады.

Екінші суретте таныс цифрларды тауып, соған санау арқылы суретті сәйкестендіреді.



**2 – ойын: «Кең - тар»**

Балаларға «кең-тар» мағынасын түсіндіру, салыстыру.



**Сергіту сәті:**

Бір, екі, үш, бір, екі, үш.

Аяқты алға созайық

Тік көтеріп, қозғайық.


Тым сылбыр да болмайық

Алға қарай озбайық.

Бір, екі, үш, бір, екі, үш.

**3 – ойын: «Ұқсас затты тап»**

Геометриялық пішіндерді атайды, шаршыға ұқсас заттарды тауып, орналастырады, атауларын айтады.



#### **4 – ойын: «Жұмбақ шешуін тап»**

1. Ағаш басында 3 торғай отыр еді, екеуі ұшып кетті. Ағашта неше торғай қалды?

2. Асанда 1 машина ойыншығы бар еді, анасы оған доп әкеліп берді. Сонда Асанда қанша ойыншық болды?

3. Менің қолымда 3 шар болды, серуенге шыққанда 1 шарым жарылып қалды. Қолымда неше шар қалды?

4. Серуенде жүргенде аулаға 1 мысық келді, кішкене уақыттан соң, тағы 1 мысық келді, сонда бізге неше мысық келді?

**Балаларға жұмбақты орындаған кезде презентация қолданылады.**

#### **Қорытынды:**

- Бірінші ойында бірінші вагонға, екінші вагонға және үшінші вагонға нелер орналасты?

- Жеке балалар тура, кері санау.

- Тобымызда кең-тар мағынасына байланысты қандай заттар бар?

#### **Жұмбақ.**

Төрт қабырғасы тең болса,

Төрт бұрышы тең болса.

Жауап берер балақай,

ой-өрісі кең болса,

Бұл қандай пішін?

- Шаршы.

#### **Рефлексия: «Алма ағашы».**

**Балаларға ұйымдастырылған іс-әрекеті ұнап, ойындарды орындау қызықты болса қызыл алманы, қиындау болса, түсінбесе сары алманы орналастырады.**

*Үкі балаларды мадақтап, медаль сыйлыққа береді.*

#### **№ 12 ҰІӨ**

**Тақырыбы:** Заттар тобын теңестіру

**Мақсаты:** Заттардың кеңістікте орналасу тәуелсіздігі туралы түсініктерін қалыптастыру.

**Міндеттері:** Екі топтағы заттарды теңестіру; әртүрлі қашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету; заттарды үлгі бойынша санап жаттығу, өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай білу дағдыларын дамыту. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.

**Құралдар:** Түрлі-түсті шаттауықтар, сандар, бояулар.

#### **ҰӘІ барысы:**

Балаларға топтағы ғажайып сандықшадағы түрлі-түсті шаттауықтармен ойын ойнауды ұсынамын. Барлық балаларға қызыл, сары, жасыл, көк, ақ түстерден үшеуден беріледі.

#### **1 – дидактикалық ойын: «Салыстыр, теңестір»**


- үш көк, бір сары, қаншаға аз, нешеу қосса теңеседі? Қай түс көп?

- бір қызыл, екі ақ;

- екі жасыл, бір сары;

- үш ақ, бір қызыл;

-үш жасыл,бір көк; осылайша ойынды жалғастыру.



## 2 – тапсырма: «Сандар әлемі»

1-3 дейін тура, кері санайды, таңбасын ажыратады.

Үлгіге қарап сандарды бояйды, бірдей текшелерді сызықпен қосады.

-Суретте не бейнеленген?

-Текшелердің ұқсастықтары неде? (барлығы көгілдір түсті)


-Айырмашылықтары неде? (оларда әртүрлі сандар жазылған)

-Текшелерде қандай сандар жазылыпты?

-2 санының түсі қандай? (1,3 сандарынікі ше?)

-Нені байқадыңдар? (барлық текшелерде сандар боялмаған)

-Неше текшеде 1 (2,3 саны) бар?



## 3 – ойын: «Бағдарлай біл»


Балалар тәрбиешінің сұрағы бойынша өзіне қатысты кеңістікті бағдарлап айтады.

-Алдарыңда не бар?


-Артқы жағыңда не және кім бар?

-Оң қолыңды көтер, оң жағыңда нелер орналасқан және кім отыр? Сол?

-Жоғарыда не бар? Ал, төменде ше?  
Сурет бойынша жұмыстанады. (жеке )



- Қонжықтың сол жағындағы ойыншықты қызыл түске, оң жағындағыны көк;
- Доптың жоғарғы жағындағы ойыншықты қоңыр, төменгі жағындағыны қызылға;
- Қайықтың төменгі жағындағыны жасыл түске, қалғандарын қызғыл-сарымен бояйды.



#### 4 – логикалық жұмбақтар.

1. Тауықта үш жұмыртқа болған, біреуі жарылып қалды, неше қалды?
2. Адамда неше қол мен аяқ бар, неше жүрек бар?
3. Велосипедте қанша дөңгелек болады?
4. Қоян, аю, түлкіде неше құлақ бар?

#### Қорытынды:

- Бүгін сендер немен ойын ойнадыңдар, қалай теңестірдіңдер?
- Неше дейін санауды білеміз? Тура, кері санау.
- Кеңістікті қалай бағдарлаймыз?

#### Рефлексия:

##### «Ашық микрофон»

Тәрбиеші сұрағына ұнағанды, түсінбегенін айту.

Тәрбиеші балаларды мадақтап, ҰІӘ аяқтайды.

#### № 13 ҰІӘ

**Тақырыбы:** 4 саны және цифры. Үлкен – кішкентай.

**Мақсаты:** 4 цифрмен таныстыру; заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы туралы түсінік беру.

**Міндеттері:** 4 цифрын 4 санының таңбасы ретінде таныстыру; «үлкен», «кіші», «кішкентай» сөздерін пайдалана отырып, заттарды көлеміне қарай сәйкестендіруді үйрету. Есте сақтау қабілетінің дамуына ықпал ету.

Тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу.

**Құралдар:** Мысық ойыншығы, сандар, үш түрлі қонжықтар, тапсырмалар әр бала санына, түрлі-түсті бояулар.

**ҰӘІ барысы:**

**Жұмбақ.**

Мұртын сипап күн бойы,

Бетін сусыз жуады.

Тысырды аңдып түн бойы,

Тышқанды көп қуады.

**Мысық.**



Топқа қонаққа мысық ойыншығы келеді. Балалар мысықты сипаттап, құлақ, көз, құйрық, ауыз, аяқтарын санайды.



Мысық өзінің достарының суретін алып келеді, балаларға санап төрт санымен таныстыру. Ол 4 саны төртінші 3 санынан кейін тұрады. Сонымен қатар мысықтың 4 аяғы бар.

**1 – тапсырма: «4 саны»**

4 санын тауып соған сәйкес затты тауып бояу.



**2 – дидактикалық ойын: «Дыбыс арқылы санды тап»**

Тәрбиеші үстелді тықылдатады, балалар санай отырып, цифрдың таңбасын көрсетіп, айтады.



## Сергіту сәті:

### «Мысық пен тышқан»

Тышқан қашты мысықтан, (Еденде саусақтармен қашады)

Қатты –қатты жүгірді. (Жылдам жүгіреді)

Орын тапты қуыстан, (Екі қолының саусақтарын айқастыра жұдырықтайды)

Зәресін мысық ұшырды.

Қарады мысық тесіктен, (Көздерімен жан-жаққа қарайды)

Тышқанға бері шық,- деді. (Қабағын түйеді)

Еденді ұрды «Тук-тук» деп, (Айқасқан жұдырығымен еденді ұрады)

Тырналады, кетпеді. (Еденді тырналайды)

Былай-былай тартады. (Айқасқан жұдырығын екі жаққа тартады)

Бұза алмады қамалды.

Амалы құрып мысықтың,

Үйіне қарай қайтады.

Қуанып тышқан есікті, (Айқасқан жұдырығына қарап үрлейді)





Жәй ғана кеп үрледі.

«Алақай, есік ашылды», - деп, (Қолдарын айқара ашады)

Ініне қашып үлгерді. (Еденде қайта жүреді)

### 3 – тапсырма: «Үлкен, кіші, кішкентай»

Балаларға үлкен-кіші-кішкентай ұғымдарын түсіндіру. Салыстырып, көрсету.



### 4 – тапсырма: «Көмектес»

Әкесі мен баласы балық аулауға барады. Әкесінде үлкен, баласында кішкентай шелек бар. Балықтарды сол екі шелекке өлшемдері бойынша салуға көмектес.

Үлкен ойыншықтарды сары, ал кішкентайларды жасылмен бояу.



**Қорытынды:**

- Бүгін қандай санмен таныстық?
- Неше санынан кейін орналасқан?
- Үлкен,кіші,кішкентай қалай түсінесің?
- Ойыншықтар салыстырып көрсетші.

**Рефлексия: «Бас бармақ»**

**Бас бармақ жоғары – барлығын түсіндім;**

**Жанға түсіру – енді түсініп келемін;**

**Төмен бағытта – түсінбедім.**

*Тәрбиеші балаларды мадақтайды,мысық балаларға алғыс айтып, қоштасып кетеді.*

**№ 14 ҰІӨ**

**Тақырыбы:** 4 саны және цифры.

**Мақсаты:** 4 саны және 4 цифры туралы білімдерін бекіту;

**Міндеттері:** 4 санымен 4 цифры туралы өткенді пысықтау; заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету; геометриялық фигураларды тану және атау, фигураларды зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейін қоя білуге тәрбиелеу.

**Құралдар:** киндр жұмыртқалар, ойын, тапсырмаларға карточка, сурет, ойыншықтар.

**ҰӘІ барысы:**

Балаларға сандықшадан үлкен және кішкентай киндр жұмыртқаларын алып шығып, олар өте ерекше екенін айтады. Жұмыртқаны таңдап ойындар ойнаймыз.



**1 – ойын: «Зейінді бол»**

Балалар жұмыртқадан біреуден таңдайды, ішіндегі цифрды қарап, есіне сақтайды. Шеңбер жасап әуенмен жүреді, тәрбиеші 3санын көрсетсе, қолында 3 саны бар балалар белгіленген орындықтарға отырады. Әуен қосылғанда қайтадан тұрып, жүреді. Осылайша 1,2,4 сандары кезекпен отырып ойын жалғасады.

**2 – дидактикалық ойын: «Санмен сәйкестендір»**

Суреттерді санай отырып, санға сәйкестендіріп сызады.




### Сергіту сәті:


Шаршасандар балалар,  
Қолдарыңды созыңдар.  
Саусақтармен ойнаңдар,  
Қолдарыңды сермеңдер.  
Денелерің шынықсын,  
Саналарың тынықсын.

### 3 – тапсырма: «Неге ұқсайды?»

Геометриялық пішінге ұқсас заттарға сызып көрсетіп, атайды.



### 4 – тапсырма: «Үлгіге қарап орында»



### Қорытынды:

- Қандай сандарды еске түсірдік?
- Қай тапсырма орындай қиын немесе жеңіл болды?
- Сандық таңбаны ретімен орналастырыңдар.

### Рефлексия: «Жұлдыз»

Ұнаған, жетістік айтып тақтаға іледі.

*Тәрбиеші балаларды мадақтап, алғыс білдіреді.*

### № 15 ҰІӨ

**Тақырыбы:** Сандарды салыстыру. Ұзын – қысқа.

**Мақсаты:** 1, 2, 3, 4 цифрлары туралы және заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.

**Міндеттері:** 1, 2, 3, 4 цифрларын заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру, «ұзын», «қысқа» ұғымдарын қалыптастыру, геометриялық пішіндерді тану және атау, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Есте сақтау қабілетінің дамуына ықпал ету. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.

**Құралдар:** Сандық таңбалар, суретті карточкалар, үлестірмелі құралдар.

**ҰӘІ барысы:**

Балаларды «Сандар еліне саяхат» жасауға ұйымдастыру. Саяхатқа немен барғылары келетінін балалардан сұрау.

-Ұшақ, поезд, автобус, атпен.


Сонымен балалар атпен саяхат жасауға келіседі. Қазақтың ұлттық күйі ойналады, балалар атқа отырып, шауып, сандар әлеміне келеді.

Онда сан, геометриялық пішіндер, көлемге байланысты ойындар бұрыштары дайындалған екен.

**1 – дидактикалық ойын: «Қанқызы»**

Балалар қанқызының үстіндегі қара дақтарды санау арқылы сандармен сәйкестендіреді, санайды, цифр таңбасын ажыратады.

Карточкадағы суреттерді санмен сәйкестендіреді.



**2 – ойын: «Ұзын - қысқа»**

-Үстіңгі поезд ұзын 3 вагоны болса, ал астыңғы поезд қысқа 2 вагоны бар.

-Жасыл қарындаш қысқа, сары қарындаш ұзын.

-Үстіңгі сәбіз ұзын, астыңғы сәбіз қысқа.

-Астыңғы жылан қысқа, үстіңгі жылан ұзын.

-Шатырдан аққан суды мұзы ұзын-қысқа.



**Сергіту сәті:**

Бір, екі, үш, төрт,

Жиналамыз бәріміз.

Бір,екі,үш,төрт,

Секіреміз бәріміз.

Бір,екі,үш,төрт,


Отырамыз бәріміз.

### **3 – ойын: «Зейінді бол»**

-Ұзын кілт пен қылышты көкпен; -қысқа зымыран мен жапырақты сарымен;

-Ұзын жапырақ пен қысқа қылышты қызғылт-сарымен;

-Ұзын зымыран мен қысқы кілтті қызылмен боя.



### **4 – ойын: «Сипатынан таны»**

Балалар алдына дала, үй жануарларының ойыншықтары қойылады.

Балаларға тәрбиеші жұмбақ құрастырып айтады: «кұлағы ұзын, құйрығы қысқа, көзі қыли, тез жүгіреді», т.б.

-Қоян.

Осылайша балалар өз жұмбақтарын құрастырып айтады.

Жұмбақтың шешуін көп тапқан бала жеңіске жетеді.

#### **Қорытынды:**

-Қандай сандарды салыстырдық? Тура, кері санау. (жеке, барлығы)

-Ұзын-қысқа қалай түсінесің?

-Топтағы заттар ішінен ұзын-қысқа заттарды салыстырып бер.

#### **Рефлексия: «Қалпақ»**

**Әуенмен жалғастырып, кімде тоқтаса, сол пікірін айтады.**

*ҮІӘ белсенді қатысқан балаларды мадақтау.*

### **№ 16 ҮІӘ**

**Тақырыбы:** Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Жоғарыда – төменде, сол жағында – оң жағында. Шаршы.

**Мақсаты:** цифрды заттың санымен сәйкестендіру, кеңістік бойынша бағдарлай алу дағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:** Цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету; кеңістіктік қатынастар (сол жағында, оң жағында, үстінде, алдында) туралы ұғымдарын қалыптастыру; геометриялық пішіндерді тану және атау, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.

**Құралдар:** Бала санына қарай түрлі-түсті асықтар, геометриялық пішіндер, сиқырлы дорба, үлестірмелі тапсырмалар, сандық таңбалар.

**ҰӘІ барысы:**

Күнмен бірге тұрамыз,  
Күспен бірге ән саламыз.  
Қайырлы таң! Ашық күн!  
Көңілді біз тұрамыз.  
Күлім қағып қолымды,  
1,2,3,4,5 деп соғамын!

-Балалар, бүгін топқа мынадай «Ғажайып дорба» поштамен келді. Онда не бар екенін білу үшін, біреуден қолдарыңды салып, қандай зат, қандай пішінге ұқсайтынын табасыңдар.




**1 - ойын: «Неге ұқсайды?»**

-үй, үшбұрыш пен шаршыға ұқсайды.  
-доп, дөңгелекке ұқсайды.  
-кітап, тіктөртбұрышқа ұқсайды.  
-сағат, кесе, тәрелке, пирамида, алма, қияр, т.б. ойыншықтарды шығарады.

**Ойын: «Сәйкестендір»**

Балалар шеңбер болып тұрады, ортада пішіндер болады. Әуенмен билеп жүріп, тоқтағанда біреуін алып, тәрбиешінің оң және сол жағына екі топқа бөлініп тұрады. Белгі берілгенде пішінді дөңгелек санына қарай пішінді ажыратып сәйкестендіреді.



**2 – ойын: «Асықты орналастыра біл»**

-Асықтар қандай үй жануарларының сүйегінен алынады?  
-Үлкен асық қай жануардың сүйегі, қалай аталады?  
-Кішкентай асықтар ше?

Барлық балаға төртбұрыш (фетрдан жасалған) беріледі. Тәрбиеші айтуымен балалар оң, сол, жоғары, төмен тауып айтылған түс бойынша орналастырады.

-Ортасына топай асықты қойыңдар.  
-Оң жақтың, жоғарысына қызыл кеней (кішкентай) асықты;  
-Сол жақ төменге жасыл асықты;  
-Оң жағының төменге көк асықты;  
-Сол жақ жоғарыға сары асықты орналастыру.



-Қандай асық көп, қайсысы аз? Үлкені? Кішкентайы?  
Осылайша балалар кеңістікті бағдарлайды.

### Сергіту сәті:

Біз өнерді жалғайық.

Үшбұрыштар жасайық,

Төртбұрыштар жасайық.

Жоғарыдан бір сызық,

Төменгіден бір сызық,

Бұрыштарын қосқанда,

Өрнек шықты сызылып.

### 3 – тапсырма: «Санап, санмен сәйкестендір»


Балалар суретті санап, салыстырады, санмен сәйкестендіріп, бояйды.

### 4 – логикалық тапсырма.

-Әжең 2 асық, атаң 2 асық берді, сонда неше асығың бар?

-Сандықшаңда сары, қызыл, жасыл топай асықтарың бар, санашы қанша?

-Досыңда 1 қызыл топай, өзінде 1 кеней асық бар, барлығы қанша асық болады?



### Қорытынды:

-Ғажайып дорбадан қандай пішіндер шықты?

-Оларға ұқсас заттарды атап берші?

-Оң жағыңда, сол жағыңда кім отыр?

-Жоғарыда, төменде не бар?

-Тура, кері санау, санның көршілерін атау.

### Рефлексия:

-Ойын, тапсырмалар ұнап, жеңіл орындасаң, қызыл асықты;

-Ал ойын, тапсырмаларды түсінбей, орындау қиындау болса, сары асықты көрсетіндер.

*Балаларды мадақтау.*

### № 17 ҰІӨ

**Тақырыбы:** 5 саны және цифры. Сол жағында, оң жағында, ортасында.

**Мақсаты:** 5 цифрымен таныстыру; кеңістікте бағдарлай алу дағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:** 5 цифрымен таныстыру; 5-ке дейін санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау; заттың орналасқан орнын анықтау және сөзбен баяндау (сол жақта, оң жақта, ортасында). Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейін қоя білуге тәрбиелеу.

**Құралдар:** 5 сандық таңбасы, ойыншықтар, балалар санына қарай үлестірмелі құралдар, түрлі-түсті қақпақшалар, шар.

### ҰӘІ барысы:

Тереземді ашамын,

Сәлем деймін күнге мен.

Бүгінгі күн ерекше,

Қайырлы таң баршаға!

### Көркем сөз:

Мен бес деген алыпшын,

Өздеріңе таныспын.

Шөптерді оңай оратын,

«Бес» сияқты орақпын.

Топқа шарға байланған «5» саны ұшып келеді.

Балалар бұл бес саны, сандық ретте бесінші, 4 санынан кейін тұрады. Өте жақсы сан, мектепке оқушылар жақсы оқып бес бағасын алуға еңбектенеді.



### 1 – ойын: «Сандар әлемі»


Тәрбиеші айтқан санның сандық таңбасын, көршілерін, ретін айтып көрсетеді.

Тақтада орналасқан сандар арасынан балалардың көздерін жұмып біреуін алып, қандай сан жоқ екенін тауып ойнайды. Тез ойланып табуға үйрету.



### 2 – тапсырма: «Санға сәйкестендір»

Балалар санның таңбасын танып, сол бойынша суреттен тауып сәйкестендіріп, бояйды.



### Сергіту сәті:

1,2,3 бойға жинап күш,

Жаттығуды жасаймыз,

Шынығуды бастаймыз.

Бір-екі еңкей,  
Бүгілмесін тізең.  
Үш-төрт шалқай,  
Иілмесін тізең.  
Қолды көтер аспанға,  
Саусақты соз, жасқанба.

### **3 – ойын: «Түрлі-түсті қақпақшалар»**

Балаларға түрлі-түсті қақпақшалар мен шеңбер беріледі.

-Ортасына бес қызыл, оң үш сары, сол жағына төрт көк, осылайша түстер мен санды алмастырып, тапсырма орындайды. Оң жағында, сол жағында, ортасында кеңістікті бағдарлай білу.



### **4 – логикалық ойын:**

- 1.-Табақта – үш алма,  
Қолымда –екі алма.  
Қосқанда барлығын,  
Болады неше алма?
2. –Аспанда неше күн бар?
- 3.-Бағдаршамның қанша көзі бар?
4. Өрісте 5 қозы жайылып жүрді  
3 қозы өзенге су ішуге кетіп қалды  
Өрісте неше қозы қалды?  
Бір есікте неше тұтқа бар?  
2 аюдың неше құйрығы бар?  
Бір қолда неше саусақ бар?

### **Қорытынды:**

- Неше санымен таныстық, ол қай саннан кейін тұрады?
- Сандық таңбасын көрсетіндерші.
- Оң жақтарыңда, сол жақтарыңда не тұр?

### **Рефлексия:**

#### **«Қалпақ»**

**Әуенмен жалғастырып, кімде тоқтаса, сол пікірін айтады.**

*Балаларды мадақтау.*

## № 18 ҰІӨ

**Тақырыбы:** Заттар тобын теңестіру. Не неге ұқсайды? Кеңістікте бағдарлау.

**Мақсаты:** теңдікті кем топқа бір затты үстемелей отырып орнатуға үйрету; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай білу дағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:** Теңдікті орнатуға; теңдікті кем топқа бір затты үстемелей отырып орнатуға үйрету; айналадағы заттардың сұлбасынан геометриялық пішіндерді табуға үйрету; 5-ке дейін тура және кері санауды жетілдіру; кеңістіктік қатынастар (сол жағында, оң жағында) туралы ұғымдарын қалыптастыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу.

**Құралдар:** сандықша, ойын, бала санына сәйкес тапсырма, ойындар карточкалары.

**ҰӘІ барысы:**

**Шаттық шеңбері:**

Күнге қарап қолымды,

1,2,3 деп соғайын.

Қарап тұрған көршіме,

Мен қолымды бұлғайын.

Жылы-жылы жүзбенен,

Маңдайынан сипайын.

Ыстық алақаныммен,

Қолыңды бір қысайын.

Құшақтасып өзіңмен,

Амандасып алайын.

Таңертеңгілік топқа әдемі сандықша әкеліп қойған екен. Онда көптеген ойын, тапсырмалар бар.

Тапсырмалар жақсы орындалса, сыйлығы да бар екен.

-Тапсырма орындап, ойындар ойнағыларың келеді ме?



-Онда алдымен екі топқа бөлініп алыңыздар.

Балалар 1,2 саны арқылы екіге бөлінеді.

**1 – тапсырма: «Теңестіре біл»**

Балалар берілген карточкалы суреттерді санай отырып, теңестіреді.

Артығын алып тастау, жетпегенге қосу. Ойлау қабілеттерін арттырады.



## 2 – ойын: «Не неге ұқсайды?»

Екі топ балалары қоршаған ортадағы пішіндерге ұқсас заттарды табады және карточка бойынша көбірек айтуға тырысып ойнайды.




### Сергіту сәті:

Шаршасандар балалар,  
Қолдарыңды созыңдар.  
Саусақтармен ойнаңдар,  
Қолдарыңды сермеңдер.  
Денелерің шынықсын,  
Саналарың тынықсын.

## 3 – ойын: «Кеңістікті бағдарлай біл»

- Дөңгелек қай жерде орналасқан, оны сарыға бояу;
- Ортасында қандай пішін? Оны қызылмен;
- Төртбұрыштың алдына қызыл дөңгелек сал;
- Үшбұрыштың жоғарғы жағына сопақша сал;
- Тіктөртбұрыш қай жерде орналасқан?



## 4 – ойын: «Тез ойлап тап»

Екі топқа кезекпен логикалық жұмбақтар жасырылады.

Бір жылда неше жыл мезгілі бар?

Аспанда неше ай бар?

Адамда неше көз бар?

Бір мысықта неше аяқ болады?

Үшбұрышта неше бұрыш бар?

Екі қойдың басы нешеу?

Дөңгелекте неше бұрыш бар?

Құстың тұмсығы қандай пішінге ұқсайды?

### Қорытынды:

-Қандай ойын, тапсырмалар орындадық?

-Тобымызда ұлдар көп пе, әлде қыздар?

-Геометриялық пішіндерге ұқсас қандай заттар білесің?

### Рефлексия:

«Білім қоржыны»

Қызыл қоржынға-өте жақсы түсіндім,қызықты;

Көк - жақсы түсіндім;

Сары – толық емес.

*Жақсы қатысып, тез жауап берген топты мадақтау, балаларға сандықшадағы сыйлықтарды беру.*

## № 19 ҰІӨ

**Тақырыбы:** Реттік санау. Оң жақта, сол жақта, ортасында.

**Мақсаты:** реттік санаумен таныстыру; кеңістікте бағдарлай алу дағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:** Сандық және реттік санауды айыруға, «қанша?», «нешінші?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету; 5-ке дейінгі сандарды ретімен санауға, тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтау және тану дағдыларын қалыптастыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Зейінділікке тәрбиелеу.

**Құралдар:** Сандық таңбалар, геометриялық пішіндер, түрлі-түсті бояулар.

**ҰӘІ барысы:**

Қыста ғана болады,

Ұстасаң қолың тоңады?

-Қар.

Ұлпақарлардың тапсырма, ойындарын орындайды.




### 1 – ойын: «Кім көп біледі?»

Мен қолымды шапалақтап соғамын сендер дыбыс арқылы неше рет соғылғанын атап бересіңдер.

1 ден 5 ке дейінгі сандарды тура және кері санайық. Сандардың таңбасын көрсетеді. (Балаларды дара шығарып санату).

### 2 – ойын: «Сәйкестендір»

Аквариумдағы балықтың түсі бойынша санап, соған сай санды қоршап бояйды.



### Сергіту сәті:

1 дегенде тұрайық,

2,3,4 алақанды соғайық

Оң жаққа бұрылып,

Бір отырып, бір тұрып,



Біз жүгіріп алайық.

5 дегенде асықпай,

Орнымызды табайық.

### 3 – ойын: «Кеңістікті бағдарлай біл»

Балалар тәрбиешінің айтуы бойынша пішіндерді оң, сол, ортасында, жоғары пішіндердің суретін салады. Мысықтың бейнесін шығарады.



**4 – тапсырма «Ойлан тап»** (сандар бойынша логикалық жұмбақтар)

Екі ойыншықтың біреуін,  
Досың сұрап алды.  
Айтшы сонда нешеуі,  
Өз қолыңда қалды? (1).

Пісіп тұрған төрт алмұрт,  
Екі алмұртты бұтақтан,  
Алып жеді Асылхан  
Қанша қалды алмұрттан? (2).

Тал бойында тізіліп,  
Бес жапырақ тұр еді  
Жел соқты да үзіліп,  
Ілініп тұр әлі,  
Жапырақтың нешеуі? (3).

Екі балапан тұр,  
Екі балапан отыр.  
Шатаспай тез ойлансаң,  
Тұрғаны бар, отырғаны  
Барлығы қанша балапан? (4).

Табақта төрт өрік,  
Қолымда бір өрік.  
Қосқанда барлығы,  
Болады неше өрік? (5).

**Қорытынды:**

-Ненің ойын, тапсырмаларын орындадық?  
-Нешеге дейін санау білесіңдер? Тура, кері санау.

**Рефлексия:**

«Бас бармақ»

**Бас бармақ жоғары – барлығын түсіндім;**

**Жанға түсіру – енді түсініп келемін;**

**Төмен бағытта – түсінбедім.**

## № 20 ҰІӨ

**Тақырыбы:** Реттік санау. Сан мен цифрды сәйкестендіру. Геометриялық фигуралар.

**Мақсаты:** реттік санау туралы білімдерін бекіту; сандардың, заттардың орналасуына тәуелсіздігі туралы білімдерін дамыту.

**Міндеттері:** Реттік санауды, «қанша?», «нешінші?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беру; заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігін түсіне білуге үйрету; геометриялық пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейін қоя білуге тәрбиелеу.

**Құралдар:** Цифрлар, таяқшалар, пішіндер, карточкалар.


### ҰӘІ барысы:

Армысың, асыл күн,  
Армысың, көк аспан.  
Армысың, достарым,  
Жылуыңа жылу қос,  
Міне, менің қолым бос.

### 1 – тапсырма «Санау, сәйкестендіру»


Балалар тура және кері санайды.

Саусақтарды санап, сонша дөңгелекті бояйды.



### 2 - ойын: «Пішіндер әлемі»

Пішіндерді бастырады, атайды. Санайды, салыстырады, бояйды.



### «Пішіндерді құрастыр» жаттығуы.

**Мақсаты:** қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.

**Жаттығу барысы:** жүргізуші балаларға есептік таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек.

Төмендегідей тапсырмалар беріледі:

1. Төрт таяқшадан шаршы құрастыру.
2. Үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру.
3. Үй құрастыру.
4. Жалауша құрастыру.

## 5. Жұлдызша құрастыру.

### Сергіту сәті:

Оңға, оңға түзу тұр,  
Солға, солға түзу тұр.  
Артқа қарай бір адым  
Алдыға қарай бір адым  
Жоғары төмен қарайық  
Орнымызды табайық.

### 3 – ойын: «Зейінді бол»

Ойынды екеуден жұптасып ойнайды. Тәрбиеші санды айтады, тез тауып саусақпен көрсетеді, ортаға асықты қоюға болады. Тәрбиеші «Асық» дегенде асықты алады.



### 4 – тапсырма: «Тез ойлан»

Бес кәмпитім көп еді,  
күні  
Сарандығым жоқ еді.  
балық  
Бір кәмпитім атама  
Бір кәмпитім әжеме,  
кетті.  
Бір кәмпитім әкеме  
Бір кәмпитім анама  
Өзімеде жете ме?

Аю бірінші күні үш балық, екінші  
екі балық жейді. Барлығы қанша  
жеді? (5 балық)  
Торда 5 құс болды. Екі құс ұшып  
Торда неше құс қалады? (3 құс)

### Қорытынды:

-5-ке дейін тура, кері санау. (жеке жұмыс)  
-Геометриялық пішіндерді немен құрастырдық?

### Рефлексия:

«Бағдаршам»

Қызыл – не ұнамайды

Сары – қандай қиындықтар

Жасыл – не ұнады.

*Балаларды мадақтайды.*

## № 21 ҮІӨ

**Тақырыбы:** Сан мен цифрды сәйкестендіру. Тәулік бөліктері: таңертең, күндіз, кеш, түн. Есептік және реттік санау.

**Мақсаты:** сан мен цифрды сәйкестендіру, тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:** 5-ке дейінгі сандарды ретімен санау, есептік және реттік санауды айыруға, «қанша?», «нешінші?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету; таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Ойлау қабілеттерін дамыту.

Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.

**Құралдар:** 1 – 5 дейінгі сандық таңбалар әр балаға жеткілікті, тәулік бөліктеріне төрт түстен үлестірмелі құралдар, тапсырмаларға карточкалар.


**ҰӘІ барысы:**

Ата мен әжейдің түйесі ботасымен балаларға қонаққа келеді, өздерімен қоржындарына ойындар алып келеді.




**1 – тапсырма: «Сан мен цифр»**

Балалар сандардың таңбаларын ажыратып, суреттер бойынша сәйкестендіріп сызып орындайды.



**2 – тапсырма: «Қай сан жоқ»**

Балалар сандардың көршісін тауып айтады, жоқ санды атап, цифрды қояды.




**Сергіту сәті:**

1 дегенде тұрайық,  
 2,3,4 – алақанды соғайық.  
 Оң жаққа бұрылып,  
 Сол жаққа бұрылып,  
 Бір отырып, бір тұрып,  
 Біз жүгіріп алайық.  
 5 дегенде асықпай,  
 Орнымызды табайық.

### 3 – тапсырма: «Уақытты бағдарлай біл»

Тәрбиеші күнделікті әрекетті әңгімелейді. Балалар қай уақыт екенін тауып, суретті карточкалармен көрсетеді.



### Ойын: «Ұйқасын тап»

Үстелде таяқшаларға орнатылған төрт түсті дөңгелекшелер қойылады. Уақытты осы түстермен көрсетіп, тәрбиешінің бастаған сөйлемін ұйқастырып аяқтайды. Түстерді көрсетеді.

Ертеңгілік жаттығуды, таңертең жасаймыз. (сары)

Түскі асты, түсте ішеміз. (ақ)

Күндіз балабақшада боламыз, ал үйге қайтамыз кеште. (көк)

Күннің көзін күндіз көреміз, (ақ) ал жұлдыз, айды түнде көреміз. (қара)



### 4 – логикалық жұмбақтар.

1. Атаның қоржынында 5 қамшы болды, оның екеуін көршінің баласына берді, өзінде қанша қамшы қалды? (3 қамшы)

2. Ата мен әжеде 1 түйе, 1 жылқы, 2 сиыр бар, сонда ата мен әжеде неше үй жануары бар?

3. Атада 4 қызыл асық болды, оның біреуін немересіне, біреуін көршінің немересіне берсе, қанша қалады?

4. Түйеде неше өркеш бар?

5. Жылқы мен түйенің қайсысы тез жүгіреді?

### Қорытынды:

-Балалар, бүгін қонаққа қандай үй жануары, төлімен келді?

-Қандай ойындар алып келді?

-Уақытты қалай ажыратып, қандай түстермен белгілейміз?

### Рефлексия:

«Білім қоржыны»

**Қызыл қоржынға-өте жақсы түсіндім,қызықты;**

**Көк - жақсы түсіндім.**

*ҰІӘ белсенді қатысқан балаларды мадақтап, түйенің әкелген сыйлықтарын балаларға беру.*

## № 22 ҰІӨ

**Тақырыбы:** Сан мен цифрды сәйкестендіру. Шар, текше, цилиндр.

**Мақсаты:** Текше, шар, цилиндр геометриялық денелермен таныстыру, сан мен цифрды сәйкестендіру дағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:** Геометриялық денелерді (шар, текше, цилиндр) танып, атай білуге үйрету. Нешінші? Саны бойынша қайсысы? сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту; теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру, 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейінділікке тәрбиелеу.

**Құралдар:** Асық шкатулкасы, түрлі-түсті асықтар, цифрлар, геометриялық фигуралар, тапсырмалар карточкалары.

**ҰӘІ барысы:**

**Жұмбақ.**

Шік түсті,

Бүк түсті.

Алшы тұрды,

Тәйке тұрды,

Омпа тұрды.

Шеше алады

Ал кім мұны?

(Асық)

Балалар асықтың тапсырма, ойындарын орындауға ұсыныс жасайды.


**1 – тапсырма: «Цифрға сай асықты сәйкестендір»**

Тәрбиешінің айтқан цифр таңбасын тауып, соған сәйкес асықты санау арқылы сәйкестендіру.



**2 – тапсырма: «Сандар әлемі»**

Балалардың санына қарай карточкалар беріледі, балалар санайды, цифрмен сәйкестендіреді.




### Сергіту сәті:

Бір-екі, бір-екі,  
Көңілді біз келеміз.  
Бір-екі, бір-екі,  
Әнді шырқап келеміз,  
Ал, енді жүгір, жүгір,  
Шеңбер болып бұрыл.



### 3 – тапсырма: «Геометриялық фигуралар»

Балаларға геометриялық фигуралармен таныстыру, ұқсас заттарды белгілеп тапсырма орындайды.



### 4 – ойын: «Сиқырлы сандар»

Суретті санап, тиісті цифр таңбасын тауып қояды.



### Логикалық тапсырмалар.

1. Ағашта 5 торғай қонып тұрды, екеуі ұшып кетті, ағашта қанша қалды? (3)
2. Менің оң қолымда 2 қызыл, ал сол қолымда 2 сары асық бар, сонда барлығы қанша асық бар. (4)
3. Торғайдың тұмсығы, басы, денесі қандай пішін, фигураға ұқсайды? (үшбұрыш, дөңгелек, сопақша)

### Қорытынды:

- Ненің тапсырма, ойындарын орындадық?
- Тура, кері санау. (жеке, барлығы)
- Қандай фигуралармен танысыдық? Ұқсас қандай заттар бар?

### Рефлексия:

#### «Алма ағашы»

**Қызыл** – орындай алмадым көңіл күй жоқ

**Жасыл** – өте жақсы орындап көңіл күй жақсы.

*ҰІӘ белсене қатысқан балаларды мадақтау.*

## № 23 ҮІӨ

**Тақырыбы:** Есептік және реттік санау. Сан мен цифрды сәйкестендіру.

**Мақсаты:** реттік сандар туралы білімдерін бекіту, сан мен цифрды сәйкестендіру дағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:** 5-ке дейін реттік және сандық есеп дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, Нешінші? Саны бойынша қайсысы? сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту; топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді жалпылай білуді дамыту. Ойлау қабілеттерін дамыту. Өзара көмекке ұмтылуға тәрбиелеу.

**Құралдар:** кішкентай сандықша, ойын карточкалары, смайликтер.




### ҰӘІ барысы:

Балалармен кішкентай сандықшадағы ойындарды орындау.

#### 1 – ойын: «Ғажайып сандар»


Санға суретті сәйкестендіру.

3 – қызыл, 4 – көк, 5 – сары түстермен бояйды.




#### 2 – ойын: «Жемістер»


Үшінші алманы қызыл түспен боя.



Төртінші алмұртты жасыл түспен боя.



Екінші ананасты сары түспен боя.



#### Сергіту сәті:

Бір – таңертең тұр,

Екі – шынығып бекі.


Үш – тазала тіс,

Төрт – сабындап жу бетті,

Бес – сүртін тез.

### 3 – ойын: «Әдемі көбелек»

Балалар дөңгелектерді санап, берілген түстермен, цифр бойынша бояйды.



### 4 – «Тез ойла»

1. Торда 4 тотықұс болған, бала досына 1 тотықұсты сыйлады. Өзінде неше тотықұс қалды? (3 тотықұс)

2. Асан атты бала анасына 3 тал, қарындасына 1 тал раушан гүлін сатып алды. Барлығы қанша гүл алды? (4)

3. Ауладағы гүлде 5 көбелек болды, 2 көбелек ұшып кетті, қанша көбелек гүлде қалды? (3 көбелек)

4. Аулаға 2 мысық екі баласымен келді, сонда барлығы қанша? (4 мысық)

5. Аквариумда 3 балық болған, Асанның анасы 2 балық сатып алып келіп, аквариумға салды. Сонда аквариумда қанша балық бар? (5 балық)

### Қорытынды:

-Бүгін қандай ойындар ойнадық?

-Ойындар не туралы болды?

-Ойындар ненің ішінде болды?

### Рефлексия:

#### «Смайликтер»



### № 24 ҰІӨ

**Тақырыбы:** Қанша? Цифрды заттың санымен сәйкестендіру. Сол жағында, оң жағында.

**Мақсаты:** заттар саны мен санының қатынасы туралы білімдерін дамыту; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай білу дағдыларын қалыптастыру. **Міндеттері:** Сандарды заттар санымен байланыстыруды үйрету; қағаз бетінде бейнеленген заттарды орналасу ретіне қарай сөзбен атап көрсету (сол жағында, оң жағында). Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейін қоя білуге тәрбиелеу. Зейін қоя білуге тәрбиелеу. Зейін қоя білуге тәрбиелеу. сандарды заттар санымен байланыстыруды үйрету; қағаз

бетінде бейнеленген заттарды орналасу ретіне қарай сөзбен атап көрсету (сол жағында, оң жағында); есте сақтау қабілеттерін дамыту, зейін қоя білуін тәрбиелеу.

**Құралдар:** аквариум балықтарымен, әр балаға жеткілікті ойын құралдары мен карточкалар.

**ҰӘІ барысы:**

**Жұмбақ.**

Үй ішінде – бөлме,  
Бөлме іші – көлде,  
Түрлі ұсақ балық  
Жүзді сайран салып.

**Жауабы: Аквариум.**

Топқа ішінде балықтары бар аквариум әкелінеді.  
Балалар балықтарды қызықтап, амандасып, тамашалайды.  
Осы балықтардың ойындарын ойнауды жалғастырады.

**1 – ойын: «Қанша? Санша санмен сәйкестендір»**

Судағы тіршілік иелерін түсіне, атауларына қарай санау арқылы сандық цифрмен сәйкестендіреді.

**2 – ойын: «Қанша, сонша сана»**

Тәрбиеші айтқан цифр бойынша санап, шығару.

**Сергіту сәті:**


Қолдарын кеудесіне қойып - Менің,  
Қолдарын жайып - Отаным,  
Шапалақтап - Қазақстан!  
Жоғары- төмен қарайық,  
Оңға, солға түзу тұр.  
Бойымызға күш жинап,  
Біз дем алып алайық.

**3 - тапсырма: «Тапсырманы орында»**

- Шаршының сол жағындағы шеңберді қызылға;
- Оң жағындағы шеңберді сарыға;
- Шаршының үстіндегі шеңберді жасылға;
- Шаршының астындағы шеңберді көкке, т.б.

**4 – ойын: «Тез тап»**

- 1.Қолда қанша саусақ бар? (5 саусақ)
- 2.Машинаның неше дөңгелегі бар? (4 дөңгелек)
- 3.Қоянның неше құлағы бар? (екі құлақ)
- 4.Сиырдың неше құлағы бар? (екі құлақ)
- 5.Бағдаршамның неше көзі бар? (үш)
- 6.Піл үлкен бе, тышқан үлкен бе? (піл)
- 7.Қоян жүйрік пе, тасбақа жүйрік пе? (қоян)
- 8.Аспанда қанша жұлдыз бар? (көп)
- 9.Аспанда күн нешеу, ай нешеу? (біреу)
- 10.Тау үлкен бе, тас үлкен бе? (тау)



**Қорытынды:**

- 1.Нешеге дейін санау білеміз?
- 2.Сандардың көршілерін ата.
- 3.Оң,сол қолдарыңды көтеріңдер.

**Рефлексия: «Қалпақ»**

Әуенмен жалғастырып, кімде тоқтаса, сол пікірін айтады.

*ҰӘІ жақсы қатысып, сұрақтарға жауап берген балаларды мадақтау.*

**№ 25 ҰІӨ**

**Тақырыбы:** Реттік санау. Сан мен цифрды сәйкестендіру. Солға, оңға.

**Мақсаты:** реттік санау туралы білімдерін бекіту; сан мен цифрды сәйкестендіру дағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:** 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, Нешінші? Саны бойынша қайсысы? сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту; «солға», «оңға» ұғымдарын айыруға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.

**Құралдар:** 1 – 5 сандық цифрлар, ойын құралдары, карточкалар.

**ҰӘІ барысы:**

Күнге қарап қолымды,

1,2,3 деп соғайын.

Қарап тұрған көршіме,

Мен қолымды бұлғайын.

Жылы-жылы жүзбенен,

Маңдайынан сипайын.

Ыстық алақаныммен,

Қолыңды бір қысайын.

Құшақтасып өзіңмен,

Амандасып алайын.

Топқа түрлі-түсті шарлармен ойындар келеді.

**1 – ойын: «Ғажайып сандар»**

- 4санын – сары; - 5 санды көкке;
- 1санын – жасылға; 2санын – қызылға; 3санын – қызғылт сарыға бояйды.

**2 – ойын: «Қол соғу»**

Тәрбиеші қанша рет алақанды шапалақтайды, балалар санап отырып, сол сандық таңбасына көрсетеді, айтады.

**Сергіту сәті:**

Алға қарай бір қадам,

Артқа қарай бір қадам.

Оңға қарай бір қадам

Солға қарай бір қадам.

Бір отырып, бір тұрып,  
Бір отырып, бір тұрып,  
Сәл тынығып ал адам.

### **3 – ойын: «Оң-сол. Жоғары-төмен»**

Тәрбиеші бақаның оң, сол және жоғары-төмен бағыты бойынша айтылған түстермен бояйды.



### **4 – ойын: «Көрші-көрші»**

**Шарты:** Балалар қолдарына 1 – 5 сандық таңбаларын алып, әуенмен айналып билеп жүреді. Әуен тоқтағанда санды ретімен тұрады. Балалар сандардың көршілерін атайды.

**Қорытынды:**

-Балалар ретімен, кері санайды, көрші санды атайды. Сандарды салыстырады.

**Рефлексия:**

«Бас бармақ»

**Бас бармақ жоғары – барлығын түсіндім;**

**Жанға түсіру – енді түсініп келемін;**

**Төмен бағытта – түсінбедім.**

### **№ 26 ҰІӨ**

**Тақырыбы:** Заттарды көлемі бойынша салыстыру. Заттардың санын цифрмен сәйкестендіру.

**Мақсаты:** заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру; заттардың санын цифрмен сәйкестендіру дағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:** Кеңістікте орналасуына тәуелсіз тұрғыда заттар тобын теңестіру; көлемі жағынан әртүрлі заттарды салыстыру; заттардың саны мен санының сәйкестігін орнату заңдылықтарды анықтауға берілген логикалық тапсырмаларды шешу жолдарын үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейін қоя білуге тәрбиелеу.

**Құралдар:** Ойыншық аю, ойындарға үлестірімелі құралдар.

**ҰӘІ барысы:**

Қыс бойына жатады,

Тәтті ұйқыға батады.

**Жауабы: Аю.**

Топқа қонжық ойыншығы келеді. Балалар амандасып, қонжықты қарсы алады. Қонжық өзімен бірге ойын, тапсырмалар алып келеді.

### 1 – ойын: «Әдемі қонжықтар»

Балалар топқа бөлініп, қонжықтарды көлеміне қарай орналастырып, геометриялық пішіндерді айтады.



### 2 – тапсырма: «Санмен сәйкестендір»

Балалар санына қарай тапсырмалар беріледі, санға затты сәйкестендіреді.




### Сергіту сәті:

Оңға, оңға түзу тұр,  
Солға, солға түзу тұр.  
Алға қарай бір адым,  
Артқа қарай бір адым.  
Жоғары-төмен қарайық,  
қанатындай құстардың.

### 3 – ойын: «Әдемі қонжық»

1 – көгілдір, 2 – қоңыр, 3 – сары, 4 – жасыл, 5 - қызыл



#### **4 – логикалық жұмбақтар.**

1. Бір бөлменің төрт бұрышында мысықтар отыр, сонда мысықтың барлығы қанша? (4 мысық)
2. Аюдың екі қонжығы орманға, екі қонжығы үйінде ойнап жүр. Сонда қанша қонжығы бар? (4 қонжық)
3. Аю бір қонжығына 1 доп, ал екінші қонжығына 3 доп әкелді. Барлығы қанша доп бар? (4 доп)
4. Ағашта 5 құлпынай болды, екі құлпынайды қонжық жеді, ал ағашта қанша құлпынай қалды? (3 құлпынай)
5. Алаңқайда 3 қонжық ойнап жүрген, оларға 2 қонжық қосылды. Алаңқайда қанша қонжық ойнап жүр? (5 қонжық)

#### **Қорытынды:**

1. Қонаққа не келді? Ол ненің баласы?
2. Қандай ойын, тапсырмалар орындадық?

#### **Рефлексия: «Жұлдыз»**

**Ұнаған, жетістік айтып тақтаға іледі.**

#### **№ 27 ҮІӘ**

**Тақырыбы:** Реттік санау. Кеңістікте бағдарлау. Заттардың санын цифрмен сәйкестендіру.

**Мақсаты:** реттік санау туралы білімдерін, өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтау дағдыларын бекіту.

**Міндеттері:** Реттік сан есімдерді атау. Нешінші? Саны бойынша қайсысы? сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту; өзіне қатысты тұрғыда заттардың орналасу жағдайын сөзбен жеткізу (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде, арасында) дағдыларын бекіту. Ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.

**Құралдар:** Терек макеті, тапсырма, ойын бойынша үлестірмелі құралдар, кеңістікті бағдарлауға көктем мезгілінің ерекшеліктерінің бейнесі.

#### **ҰӘІ барысы:**

Қар суы еріп, сай-салаға толады,

Жер көгеріп, бүршік атып,

Жайлау малға толады.

Бөбектерім айтындаршы,

Бұл қай кезде болады?





**Жауабы:** Көктем

**1 – ойын: «Көктемгі ағаш»**

Ағашқа жапырақтарды санап, қондыру, салыстыру (үлкен-кіші), (көп-аз)

## 2 – ойын: «Қанша алма?»

Алмаларды санау, бояу және сандық таңбаға сәйкестендіреді.



## Сергіту сәті:

Қарлығаш боп ұшамыз,  
торғай болып қонамыз.  
Сауысқан боп секіріп,  
Тоқылдақ боп шоқиып,  
Аққу боп көлге қонамыз.

## 3 – ойын: «Кеңістікті бағдарлау»

Көктемгі табиғат көрінісін кеңістікте бағдарлау, орналастыру.

Жоғарыда – бұлт, күн; төменде – ағаш, гүлдер; сол жағында – құстар, т.б.



## 4 – ойын: «Кірпіге көмектес»

Кірпіге саңырауқұлаққа жетуге көмектесеу. Оңға бір тор, екі төмен, біреу-оңға, біреу-жоғары, бір-оңға, бір-төмен, екі-солға, бір-төмен, біреу-солға, бір-төмен, үшеу-оңға

## Қорытынды:

1. Қазір жылдың қай мезгілі?
2. Кеңістікті бағдарлауға қандай тапсырма орындадық?

## Рефлексия:

«Күн, бұлт»

Күн-қызықты, түсіндім;

Бұлт-аз түсіндім, орындай қиындау болды.

## № 28 ҰІӨ

**Тақырыбы:** 1, 2, 3, 4, 5 цифрлары және сандары. Сан мен цифрды сәйкестендіру.

**Мақсаты:** 1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы білімдерін бекіту, әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен санау дағдысын жетілдіру (көру, есту).

**Міндеттері:** 1-ден 5-ке дейінгі сандар және цифрларды атау, санау дағдыларын дамыту, заттың санын цифрмен сәйкестендіру, математикалық жұмбақтарды шешу жолдарын үйретуді жалғастыру. Есте

сақтау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Зейін қоя білуге тәрбиелеу.

**Құралдар:** Цифрлар, дидактикалық ойындардың үлестірмелі құралдары.

**ҰӘІ барысы:**

Жарқын болсын өміріміз,

Жаздың әсем таңындай.

Таза болсын көңіліміз,

Таудың аппақ қарындай.

**1 – ойын: «Қанша? Нешінші?»**

Реттік, кері санау. Сандық таңбасын ретімен танып, қояды.



**2 – тапсырма: «Түрлі-түсті шаттауықтар»**

Балаларға жолақша беріледі. Тәрбиеші әр қатарға түстер мен санау арқылы қоюға тапсырма береді.

Санайды, салыстырады.

**Сергіту сәті:**

Бір, екі, үш!

Жұдырықпен соқ.

Оң қолыңмен соқ.

Сол қолыңмен соқ!

Соқ, соқ, соқ!


Сол қолыңмен соқ,

Оң қолыңмен соқ!

Кезек-кезек соқ!


**3 - тапсырма: «Қандай сан жоғын тап»**

Кестедегі жазылмай қалған цифрларды тауып, қояды.



**4 – ойын: «Әдемі тасбақалар»**

Балалар кестеге жоғары қатардағы берілген түстер бойынша тасбақаның суретін салып, бояйды.



**Рефлексия: «Жұлдыз»**  
Ұнаған, жетістік айтып тақтаға іледі.

## № 29 ҰІӨ

**Тақырыбы:** 1, 2, 3, 4, 5 цифрлары және сандары. Реттік санау. Оң жақта – сол жақта, жоғарыда – төменде.

**Мақсаты:** 1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы білімдерін бекіту; өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтау дағдыларын бекіту

**Міндеттері:** 5-ке дейін реттік санау, реттік сан есімдерді атау, Нешінші? Саны бойынша қайсысы? сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту; қағаз бетінде бағдарлау қабілетін арттыру. Есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Көмек қолын созуға тәрбиелеу.

**Құралдар:** Цифрлар, ойыншықтар, ойын, тапсырмалардың құралдары балалардың санына қарай жеткілікті карточкалар.

### ҰӘІ барысы:


Күн күлімдеп нұр төкті, бізге жолдап, Сәлем!

Жақсы сөздер нұр септі, бізге жолдап, Сәлем!


Еске сақтап кеңесті, достарға сыйлап, Сәлем!

Кел, қосылып айтайық бір-бірімізге Сәлем!

### 1 – ойын: «Цифрлар мен сандар»



### 2 – тапсырма: «Цифрға сай боя»



### Сергіту сәті:

Сағаттың тіліндей иіліп оңға бір,  
иіліп солға бір,

теп допты оң аяқ, сол аяқ.

Жоғары-төмен қарайық,

жаттығу оңай-ақ.

### 3 – ойын: «Тышқан мен ақтиін»

1 – қызыл, 2 – жасыл, 3 – сары, 4 – көк, 5 – қоңыр түстермен бояйды.



### 4 – тапсырма: «Оң-сол, жоғары-төмен»


-Жоғары сол жақ бұрышта қандай пішін, түсі қандай?

-Сол жақ, төменгі бұрышта?

-Жоғары, оң жақ бұрышында?

-Оң жақ, төменгі бұрышта?

-Ортасында?



### Рефлексия: «Күн шуағы»

Балалар ұйымдастырылған іс-әрекеттегі ұнаған ойын

түрлерін, түсінгендерін айтып күннің шуақтарын орналастырады.

### № 30 ҰІӨ

**Тақырыбы:** Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Не неге ұқсайды? Оң жақта – сол жақта.

**Мақсаты:** цифрды заттың санымен сәйкестендіру және өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтау дағдыларын бекіту.

**Міндеттері:** Цифрды заттың санымен сәйкестендіру қабілетін бекіту; геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) тану, атау, зерттеу дағдыларын дамыту, кеңістіктегі қарым-қатынастар (сол жақта, оң жақта) туралы түсінігін бекіту. Есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.

**Құралдар:** киіз үй шкатулкасы, ойын, тапсырмалардың үлестірмелі құралдары.

### ҰӘІ барысы:

Ұқсайтын шеңберге

Қабырғасы жиылып, керіледі,

Жиһазы мол кең бөлме,

Төбесінен жұлдыздар көрінеді.

*Киіз үй.*

**Киіз үйдегі тапсырма, ойындарды орындайды.**

### 1 – ойын: «Сәйкестендір»

Санға байланысты суретті санау арқылы сәйкестендіру.



## 2 – ойын: «Неге ұқсайды?»


Геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды сызу арқылы көрсету, атау.



### Сергіту сәті:

Сәлем, көздер, ояныңдар,  
Сәлем, құлақтар, ояныңдар.  
Сәлем, қолдар ояныңдар,  
Сәлем, аяқтар ояныңдар.  
Сәлем, аяқтар ояныңдар.  
Көздер көреді,  
Құлақтар естиді,  
Қолдар шаалақтайды,  
Аяқтар топылдатады.

## 3 – тапсырма «Мысық қай жерде?»



## 4 – «Тез ойла»

- 1.Бөлмеде 3 лампочка жанып тұрды, 1 лампочка жанып кетті. Қанша лампочка жанып тұр? (2 лампочка)
- 2.Дорбада 5 асық болған, бес бала біреуден алды, сонда дорбада қанша асық қалды? (ештеңе қалмады)
- 3.Қасым досына және інісіне, өзіне біреуден алма сатып алды. Барлығы қанша алма сатып алды? (3 алма)
- 4.Күн шуақтап күшік отыр,  
Құйрығын күнге қыздырып.  
Жанына бір күшік келіп,  
Отыра қалды жылынып. (2 күшік)
- 5.Екі шаршы Саматта,  
Біреуі көрші Маратта.  
Бұл шаршыны балалар,  
Кәне қосып санандар? (3 шаршы)

### Рефлексия: «Білім гүлі»

**Қызыл – ұнады, бәрін түсіндім; сары – жартылай түсінбей, қиындау болды.**

**№ 31 ҰІӨ**

**Тақырыбы:** Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Алыс – жақын.

**Мақсаты:** цифрды заттың санымен сәйкестендіру және өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтау дағдыларын бекіту.

**Міндеттері:**

1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы білімдерін бекіту; заттың санын цифрмен сәйкестендіру қабілетін бекіту; өзінің айналасында және қағаз бетіндегі кеңістікте бағдарлану білігін бекітуді жалғастыру (алыс – жақын) сөзбен баяндай білу дағдыларын бекіту. Логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Зейінділікке, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

**Құралдар:** тапсырма, ойындарға үлестірмелі құралдар, түйе қобдишасы.

**ҰӘІ барысы:**

Бақшамызға барғанда,  
Жолыққан бар жандарға.  
Ертемен ақ пейілмен,  
«Қайырлы таң!» деймін мен!

**Жұмбақ.**

Кезікті бір жануар,  
Үстінде екі тауы бар.  
- Түйе.



Түйе қобдишасындағы балалар ойын, тапсырмалар орындайды.

**1 – тапсырма «Санды сәйкестендір»**

Суретті санап, цифр таңбасымен сәйкестендіреді.

1 2 0	1 2 0	2 1 0	2 1 0	1 2 0	1 0 2
1 0 2	1 2 0	0 2 1	0 1 2	2 0 1	1 0 2

4 1 3		
4 2 1		
	6 5 3	

**2 – ойын: «Санай біл»**

Жануарларды санап, сол бойынша цифрды қасына орналастырады.

**Сергіту сәті:**

Орманда кірпі келеді,  
Саңырауқұлақ тереді.  
Кездесті, міне, керегі:  
Екеуі қайың астынан.  
Біреуі терек қасынан.

	<input type="checkbox"/>	
	<input type="checkbox"/>	

Қанша олар болмақ есепте,  
Тоқылған салса себетке?


### 3 – тапсырма: «Алыс-жақын»

Әр сурет бойынша жақын-алыс ажырату, сұраққа жауап айту.



4 – тапсырма

Суреттерді салыстыру арқылы қанша айырмашылықтарын тауып, сонша дөңгелек суретін салу.



Рефлексия: «Ашық микрофон»

Тәрбиеші сұрағына ұнағанды, түсінбегенін айту.

### № 32 ҰІӨ

**Тақырыбы:** 4, 5 сандарын салыстыру. Кең – тар.

**Мақсаты:** 4 және 5 сандарын салыстыру дағдыларын қалыптастыру, ені бойынша заттарды салыстыру.

**Міндеттері:** Заттың санын цифрмен сәйкестендіру қабілетін бекіту, «кең», «тар» ұғымдарын нақты мысалдармен түсіндіру, салыстыруда беттестіру және тұстастыру тәсілдерін қолдану. Заттар тобының тең және тең еместігі туралы ұғымдарын, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Зейінділікке тәрбиелеу.

**Құралдар:** Бала санына қарай цифрлар, ойындарға үлестірмелі құралдар.

**ҰӘІ барысы: Шаттық шеңбері.**

Достығымыз берік боп,

Бекітейік беріп қол.

Қуанышты шеңберге,

Қандай жақсы қол берген.

**1 – ойын: «4, 5 цифры»**

Сызықтардан тұратын,

Таяқшалар құрадық.

Орындықты төңкердік.

Оны бестен кем көрдік.

Мен бес деген алыппын,

Өздеріңе таныспын.

Шөптерді оңай оратын,  
«Бес» сияқты орақпын.




2 – ойын: «Күшікті тап»



**Сергіту сәті:**


Бір, екі, үш,  
Қане, қанат қағамыз.  
Бір, екі, үш,  
Қарлығаш боп ұшамыз.  
Бір, екі, үш,  
Жинап алдық күш.

3 – ойын: «Жуан-жіңішке»




4 – ойын: «Қанша, сонша»

Суретті санап, бояйды. Сонша цифрды тауып белгілейді.



## Рефлексия: «Смайликтер»



### № 33 ҮІӨ

**Тақырыбы:** Есептік және реттік санау. Сан мен цифрды сәйкестендіру.


**Мақсаты:** реттік санау туралы білімдерін бекіту; заттың санын цифрмен сәйкестендіру дағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:** 5-ке дейін реттік және сандық есеп; реттік сан есімдерді атау, заттың санын цифрмен сәйкестендіру қабілетін бекіту. Геометриялық пішіндерді тану, атау, зерттеу дағдыларын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.


**Құралдар:** 1 – 5 сандық цифрлар, ойын, тапсырмалардың үлестірмелі құралдары.

**ҰӘІ барысы:**

**1 – ойын: «Сәйкестендір»** (сурет пен сандық таңбаны сәйкестендіру)



**2 – ойын: «Тиісті санды тап»** (суреттерді бояп, санмен сәйкестендіру)



**Сергіту сәті:**

Ал, балалар тұрайық,  
Үлкен шеңбер құрайық.  
Оңға, оңға түзу тұр!  
Солға, солға түзу тұр!

Алға қарай бір адым,  
Артқа қарай бір адым,  
Жоғары-төмен қарайық,  
Орнымызды табайық.


**3 – тапсырма: «Ғажайып банка»**

1 – сары, 2 – жасыл, 3 – қызыл түспен бояйды.



**4 – тапсырма: «Тез ойла»**

Қосып санау арқылы логикалық жұмбақты шешу, цифрды орналастырады.



**Рефлексия: «Күн, бұлт»**  
**Күн-қызықты, түсіндім;**  
**Бұлт-аз түсіндім, сұрағым бар.**

**№ 34 ҰІӨ**

**Тақырыбы:** Заттар тобын салыстыру. Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. **Мақсаты:** 1-ден 5-ке дейінгі цифрлар туралы білімдерін бекіту; өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтау дағдыларын бекіту.

**Міндеттері:** Теңдікті кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға; 1, 2, 3, 4 цифрларын заттың санымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру. Логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Зейін қоя білуге тәрбиелеу.

**Құралдар:** Қанқызы ойыншығы, ойын, тапсырмалар құралдары.

**ҰӘІ барысы:**

**Жұмбақ.**

Қара дақтары бар, қызыл көйлек киген,  
Ұшады өте жеңіл.


Оның аты...

-Қанқызы.

Қанқызының ойын, тапсырмаларын орындау.

**1 – тапсырма: «Тиісті цифрды тап»**

(суретке санап, цифрды орналастыру)



**2 – ойын: «Магнит ғажаптары»**

Балалар геометриялық пішіндерді магнитті құрылыс құралдарынан құрастырады, атайды.

**Сергіту сәті:**

Гүл ұйқыда жатыр еді,

Таң атуға жақын еді.

Күннің нұры шашылды,

Гүл қауығы ашылды.

Алдымен шығып бір желек,

Екіншісі тым зерек.

Үшіншісі бір бөлек,


Төртіншісі бір бөлек,

Бесіншісі де көрінді,

Тұтас гүл боп өрілді.



**3 – ойын: «Көп, аз» (суреттерді санау арқылы салыстыру)**



**4 – ойын: «Ғажайып қанқызы»** (қанқызының дақтарын санап, цифрмен сәйкестендіру)



**Рефлексия: «Білім қоржыны»**

**Қызыл қоржынға-өте жақсы түсіндім,қызықты;**

**Көк - жақсы түсіндім;**

**Сары – толық емес.**

**№ 35 ҮІӨ**

**Тақырыбы:** Сан мен цифрды сәйкестендіру. Есептік және реттік санау. Үлкен, кіші, кішкентай, өте кіші.

**Мақсаты:** цифрларды заттың санымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру; заттарды көлемі бойынша (үлкен, кіші, ең кіші) салыстыру дағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:** Цифрларды заттың санымен сәйкестендіру; есептік және реттік санау; заттарды көлемі бойынша (үлкен, кіші, ең кіші) салыстыру туралы білімдерін бекіту. Зерттеу дағдыларын дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.

**Құралдар:** Сандық цифрлар, үлкен, кішкентай, кіші ойыншықтар, қоржын.

**ҰӘІ барысы:**

Көңілденіп күлейік,

Бақытты боп жүрейік.

Бәрін біліп алатын,

Ақылды бала болайық.

Қоржындағы ойын, тапсырмаларды орындайды.


**1 – тапсырма: «Сан мен цифр сәйкестендіру»**

Цифр таңбасын тану, санау, салыстыру, сәйкестендіру.



## 2 – тапсырма: «Орнын тап»

Санау, жапырақтарды санап, тиісті цифрды қатарына қояды.



### Сергіту сәті:

Ал балалар, тұрайық,  
Мойнымызды бұрайық.  
Қолымызды созайық,  
Жел сияқты қалықтан,  
Оңға, солға иіліп,  
Денемізді бұрайық.

**3 – ойын: «Үлкен, кіші, кішкентай»** (карточкадағы суреттерді салыстыру)



### 4 – ойын: «Сиқырлы суреттер»

Үлкен – қызыл, кіші – сары, кішкентай – көк түстермен бояйды.



## Рефлексия: «Білім сандығы»

Сары сандық – өте жақсы түсіндім, қызықты болды;

Көк - жақсы түсіндім.

### № 36 ҰІӨ

**Тақырыбы:** Бекіту. Сан мен цифрды сәйкестендіру.

**Мақсаты:** 5 заттың сәйкестігін анықтауды және заттарды бес-бестен бір топқа біріктіруді үйрету, 1-ден 5-ке дейінгі сан және цифрлар туралы білімдерін бекіту.

**Міндеттері:** Әртүрлі арақашықтықта орналасқан екі топтағы заттарды салыстыруды,

5 заттың сәйкестігін анықтауды және заттарды бес-бестен бір топқа біріктіруді үйрету. Логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу.

**Құралдар:** Сандарға байлынысты ойын, тапсырмалардың үлестірмелі құралдары.

#### ҰӘІ барысы:

Балалар түрлі-түсті кішкентай шарлардағы ойын, тапсырмаларды орындайды.

**1 – тапсырма:** «Әрі қарай сана» (тура, кері санайды, салыстырады)



#### 2 – ойын: «Қанша, сонша»

Тәрбиешінің айтылуымен санап, түстер ажыратып, қатарға қояды.

#### Сергіту сәті:

Ал балалар, тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Үлкен шеңбер құрған соң,

Алақанды ұрайық.

Оң жақтағы балаға,

Сол жақтағы балаға,

Шапалақта шапалақ.



Жоғары төмен қарайық,  
Орнымызды табайық.

**3 – ойын: «Уақытты бағдарлау»**

Сары-таңертең, ақ-күндіз, көк-кеш, қара-түн.

**4 – ойын: «Түрлі-түсті кішкентай доптар»**

Саусаққа киіп алып, үстел үсті футбол ойнау, айтылған түсті кішкентай доптарды белгіленген жерге апарады.



**Рефлексия: «Гүлдер»**

Қызыл – өте ұнады;

сары – тапсырма, ойындарды орындау қиындау болды.



## Қорытынды

Мектепке дейінгі жастағы балаларға алғашқы танымдық және зияткерлік дағдыларды қалыптастыру ісі өзіндік ерекшелігін ескере отырып, жүзеге асырылуы керек. Мектепке дейінгі кезеңде бастапқы танымдық дағдыларды дамыту математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекетінде жүзеге асырылады. Бағдарлама мазмұнына сай балаларға жалпы қарапайым математикалық танымдық дағдылар туралы мағлұматтарды балаларға қарапайым әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, бала бойына қалыптастыруға болады, балалардың танымдық дағдыларды қалыптастыру және алған дағдыларын жаңа жағдайларды пайдалана білуге үйретуге оқу мен тәрбиелеудің мақсаты ретінде қарастырылып, үнемі оны жетілдіру жолдарын іздестіру қажет. Қазіргі таңда білім беру жүйесінің алғашқы буыны болып табылатын мектепке дейінгі кезеңде балалардың ақыл-ой қабілетін жан-жақты дамыту және тәрбиелеуге ерекше мән берілуде. Өйткені, мектепке дейінгі ұйым іс-әрекеттің басты міндеттері ең алдымен баланың танымдық қызығушылығын арттыру, баланың психологиялық ерекшелігін ескеріп тәрбиелеу.

Танымдық дағдыларды қалыптастыру бағытындағы іс-әрекетте осы міндеттер жүзеге асырылады:

- Балалар танымдық және зияткерлік дағдыларды меңгеруде мәнді нәрсені байқауға және ажырата білуге;
- Жинақтаған білімдерін жалпылай және жүйелей білуге, оларды өзінің тұрмыстық және ойын әрекеттеріне пайдалана білуге, қарапайым ұғымды игеруі тиіс;
- Балалардың танымдық дағдыларын кеңейтуде танымдық қызығушылығын дамыту, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;
- Сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру және ой-өрістерін кеңейту болып табылады.

Балабақшаның ересек тобына арналған математикалық түсініктерді дамыту жөніндегі бағдарламада балалардың алдыңғы топтарда алған білімдерін жалпылау, жүйелеу, кеңейту және тереңдету қаралған. Балалар сан, пішін туралы өзара байланысы бар түсініктерді меңгеруі, кеңістік пен уақытты бағдарлай алуы тиіс. Балалар көзбен көріп, іштей есептеуге үйренеді, олардың көз мөлшер, пішінді шамалау жылдамдығы арта түседі. Бұл жас мөлшерінде ойлау дербестігін дамыту, талдау, салыстыру, қорыту секілді ойлау әрекеттерін дамытудың да маңызы зор. Бұл бағдарлама балабақшадағы ересек топтарындағы танымдық дағдыларды қалыптастыруға қосымша балалардың математикалық білімін кеңейтіп, математикаға деген қызығушылығын арттырады. Бағдарламада кеңістік, уақыт арқылы бағдарлау, заттарды санау, жиі қолданылатын сандар, сандар қатары, математикалық логикалық тапсырмалар, қызықты жаттығулар, дидактикалық ойындар, геометриялық пішіндер туралы танымдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сандар мен оларға қатысты логикалық ойын-тапсырмалар баланың математикалық сауаттылығын

артады.Бағдарлама балалардың жас ерекшеліктеріне бейімделіп жасалған. Балалардың тұлға ретінде қалыптасуына, ақыл-ойының дамуына, ерік пен сезімге қатысты белсенділігін қалыптастыруға мүмкіндік дағдысын арттыруға, баланың өмір сүруіне және болашақта мектепке қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыруына ықпал етеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 05 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары.
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.
4. С.С.Неверова, А.А.Ойшыбаева. Математика негіздері. Әдістемелік нұсқау. (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша ересектер тобы (4 жастан бастап) педагогтеріне арналған) Алматыкітап баспасы, 2022ж.
5. Б.М.Қосанов. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты жаттығулар. Алматы 1998жыл
4. «Ойнайық та ойлайық». Алматы 1996 жыл.
5. А.Е.Әбілқасымова, С.Қ.Төлеубаева «Математика сабағында ұлттық ойындар мен түрлі жанрларды қолдану» Астана 2005жыл.
6. Амирова Н.Н. Логика. 4-5 жастағы балаларға арналған. – Алматы. Алматыкітап, 2020ж.
7. Сатимбекова М., Саулебаева А., Райлянова О.Д., Кирилинская Л.В. Сиқырлы пішіндер мен сандар әлемінде әртүрлі жастағы балаларға арналған. В мире волшебных фигур цифр для детей разных возрастов. – Шикула и К., 2008ж.

## Қосымша:

### Математика негіздері бойынша өткізілген ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Тақырыбы:** «Ата мен әженің сәлемдемесі»

**Міндеттер:**

Балалардың математикалық сауаттылықтарын арттыру;

Ойындар арқылы балалар «бір», «көп» ұғымдарын ажыратып, екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырып, геометриялық пішіндерді танып, өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтап; қарама-қарсы тәулік бөліктерін атау;

Балалардың ой-өрісін, зейінін және есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Шаттық шеңбері:**

Ал, кәне балалар,

Кәне маған қарайық.

Ал, кәне балалар,

Амандасып алайық.

Сәлем,сәлем балалар,

Сәлеметсізбе, апай! (балалар)

Сәлем,сәлем балалар,

Қол соғайық алақай!

**Құралдар:** теледидар, презентация, балалар санына қарай қолдан жасалған үлестірмелі құралдар:балмұздақ,кәмпит, үлкен-кіші аюлар,түрлі-түсті алақан мен қоңыраулар, үлкен-кіші қамшы және этеш, мультфильмдерден үзінділер қолданылады.

**Тәрбиеші:**

-Бүгін топқа балалар ауылдағы ата мен әжеден мынадай сәлемдеме келді. Ата мен әже өздері келе алмады, қазір көктем мезгілі күн жылынды, үй жануарлары далағ шығып, соларды бағып, сендерге сиыр сүтінен қаймақ, айран, құрт жинап жатыр. Сендерді жазда ата мен әже қонаққа шақырды, маған телефоннан осындай хабарлама айтып, өздерінің фото-суреттері мен сәлемдемені беріп жебірді. Сәлемдемеде көптеген қызықты ойындар бар екен, ойындарды ойнап, білімімізді көрсету керекпіз және олардың сыйлықтары да бар екен. Ойнаймызба?



**1 – ойын:** «Айырмашылығын тап»

**Шарты:** Үстелде балалардың алдына балмұздақ,кәмпит және үлкен-кіші аюлар қойылады.

-Балалар алдарыңа бір балмұздақ алып, қасына көп кәмпит қойыңдаршы.

-Тең бе? – Қайсысы артық? -Балмұздақ көппе, кәмпит көппе?

Сосын назарларын аюларға бұру. Үлкені қайсы? Кішісі қайсы? Екеуі бірдей ме? Үлкен аюдың қандай пішін бар, түсі қандай? Ал кіші аюдың ше?

**Міндет:**

Заттарды тең, тең емес және бірдей, бірдей емес салыстыра білу.

**2 – ойын: «Сықырлы қоңырау»**

**Шарты:** Тәрбиеші балаларды қарама-қарсы үстелдің екі жағына тұрғызады. Үстелде түрлі-түсті алақан бейнесі болады. Тәрбиеші дене мүшелерін, оң-сол, жоғары-төмен кеңістікті айтқанда балалар көрсетеді, ал қызыл түсті қоңырауды соққанда балалар қызыл түсті алақанға өз алақандарын қояды. Осылайша сары, жасыл түстер болады.

**Міндет:**

Командамен жұмыс жасау, түстерді ажырату.



**3 – ойын: «Түрлі-түсті доптар» (сергіту)**

**Шарты:** Еденге екі шеңбер ішіне қызыл, сары, көк, жасыл түсті кішкентай доптар қойылады. Төрт түсті рюкзак төрт баланың арқасына ілінеді, төртеуі шеңбер айналып жүгіреді, қалғандары доптар біткенше түсіне қарай рюкзакқа салады.

**4 – ойын: «Салыстыра біл»**

**Шарты:** Балалар жерге отырғызылады. Алдарына атаның екі түрлі камшысы беріледі. Балалар екеуін қатар қойып «ұзын-қысқа», тігінен тұрғызу арқылы «биік-аласа» және «үлкен-кіші» салыстырады.

**Міндет:**

Өлшемдері бірдей және қарама-қарсы заттарды салыстыру.

**5 – ойын: «Қай уақыт»**

**Шарты:** Жаттығу жасаған - **Таңертең**. Теледидар қарау – **Кешке**.

Балалар ойнап жүр – **Күндіз**. Төсекке жату – **Түнде**.

(мультфильмдерден үзінді, презентация)

**Міндет:**

Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлай білу.

**Демалу сәті: «Әтеш»**

Дөңгелек үстелді айналып отырып, қолдарына әтеш ұстап, әуенмен қозғап, мұрынмен дем алып, аяқтарына үріп шығару.

**Әженің сыйлығы:**

-балалар әже сендерге көз тимесін, аман жүрсін деген ырыммен Тұмарша сыйлыққа салыпты.

-Қандай пішінге ұқсайды?

-Үшбұрыш пішінге.

-Әжеге Рахмет!

## Дидактикалық ойындар:

### Ойын: «Түрлі-түсті қақпақшалар»



**Мақсаты:** Балалар түстер, қоршаған орта, танымдық білімдерін толықтырады. Сөздік қоры дамып, түс, санау, кеңістіктер туралы біліктіліктерін арттырады.

### Ойын: «Түрлі-түсті қыстырғыштар»

**Мақсаты:** Саусақ моторикасы дамып, түстерді сәйкестендіреді. Құстар олардың тіршілігі туралы білімді жетілдіру.



### Ойын: «Құстар»

**Мақсаты:** Құстар туралы мағлұмат



толықтыру.

Оларды

геометриялық пішіндерден құрастыру арқылы пішіндерді ажыратып, кеңістікті бағдарлай орналастырады.

### Ойын: «Ғажайып балықтар»

**Мақсаты:** Судағы тіршілік иелері жайында деректер толықтыру. Әр балықтағы геометриялық пішіндерді танып, сипаттама айту. Геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды қоршаған ортадан табады.



**«Кімде қанша фишка?»** (балалар логикалық жұмбақтардың шешуін табу арқылы фишка жинайды. Қай балада фишка көп екенін санайды)

### Ойын: «Үлкен, кіші, кішкентай» (көлемдерін салыстырады)

